



ПРЕЗИДЕНТ ЖАПОНИЯҒА БАРДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жапонияға ресми сапармен барды.

Қазақстан Президентін Токио қаласының Ханэда халықаралық әуежайында Жапонияның мемлекеттік сыртқы істер министрі Аяно Кунимицу қарсы алды.

Мемлекет басшысы ертен Жапония императоры Нарухитомен және Премьер-министр Санаэ Такаичимен келіссөздер жүргізеді.

БҰҰ: ДАҒДАРЫС ҺӘМ ДАМУ

Қазақстан үшін бұл халықаралық медиациядағы рөлін күшейтуге, су және климат дипломатиясында бастамашы болуға, аймақтық қауіпсіздік архитектурасында белсенді ойыншыға айналуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар БҰҰ-ның гуманитарлық және даму агенттіктерімен тікелей жұмыс істеу Қазақстанға халықаралық бедел жинауға жол ашпақ.



→ 6

ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ – АУЫЛҒА АМАНАТ



Азаматтар банктерге берешекті болып қалмау үшін «AMANAT» партиясы Президент тапсырмасына сәйкес «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асырып келеді. Яғни, азаматтардың қаржылық сауаттылығын ашумен айналысуда. Нәтижесінде, бір миллионнан аса адам қаржылық сауат ашу курстарынан өтті. Бұл іске елдегі 21 қаржылық ұйымның ішінен 12 банк қаржыгерлері мен 11 ведомство, экономикалық сарапшылар жұмылдырылды.

→ 4

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ДЕРБЕСТІК – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика саласының қызметкерлерін марапаттады.

Ақордада өткен салтанатты жиында Қасым-Жомарт Тоқаев биыл Жұмысшы мамандықтары жылы аясында еңбек адамдарына ерекше құрмет көрсетіліп жатқанын атап өтіп, энергетика саласы мамандарын кәсіби мерекесімен құттықтады.

— Энергетика саласы — еліміз үшін стратегиялық маңызы бар сала. Тұрақты қуат көзі болмаса, қуатты мемлекет құру мүмкін емес. Энергетика саласында қызмет ету — еліміздің дамуына үлес қосу деген сөз. Себебі сіздер атқарып жатқан жұмыстың игілігін еліміздегі әр отбасы, әр адам көреді. Әрбір үйге жарық пен жылу беру — жауапкершілігі зор жұмыс. Қажырлы еңбектеріңіз үшін баршаныңа шынайы ризашылығымды білдіремін, — деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздің өсіп-өркендеп келе жатқанына назар аударды.

— Біз экономиканы және инфрақұрылымды дамытуға баса мән беріп отырмыз. Заманауи өндіріс орындарын ашып жатырмыз. Еліміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам басты. Қазақстан болашақта толыққанды цифрлық ел болуға тиіс. Осы мақсатқа жету үшін ауқымды жұмыс қолға алынды. Астанада Халықаралық жасанды интеллект орталығы құрылды. Жакында белгілі америкалық компанияның технологиясы бойынша жасалған суперкомпьютер іске қосылды. Жаһандық үрдістерге сай жана «дата-орталықтар» салынады, «бұлтты» инфрақұрылым қалыптасады. Әрине, мұның барлығы энергетика саласы үшін үлкен сынақ болмақ. Сондықтан осындай маңызды міндеттерді жүзеге асыру үшін энергетика саласын түбегейлі жаңғыртуымыз керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір осы бағытта атқарылып жатқан нақты жұмыстарға тоқталды. — Соңғы алты жылда электр энергиясын өндіру 16 миллиард киловатт-сағатқа артты. Бұл Қарағанды облысы сияқты өндірісі өркендеген аймақтың бір жылдағы қуат тұтыну көлемімен бірдей. Қазіргі кезде Қазақстанның электр энергетикасы жүйесіне жалпы қуаты 25 гигаваттан асатын 237 электр станциясы кіреді. Ал іс жүзінде қолданыстағы жалпы қуат көлемі — 21 гигаватт. Мемлекет жүргізіп отырған жүйелі шаралардың арқасында энергия нысандары мен инженерлік-коммуналдық желілердің орнықтылығы айтарлықтай күшейді. Өткен жылғы жылыту маусымында технологиялық ақаулар 27 пайызға қысқарды. Тоғыз жылу электр орталығы тәуекелдің «кызыл» аймағынан шықты, ал үш станция «жасыл» аймаққа өтті, — деді Мемлекет басшысы.

Бұл орайда Қасым-Жомарт Тоқаев инфрақұрылымды қалыпты деңгейде ұстап тұру үшін «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы іске қосылғанын еске салды.

— Сонын нәтижесінде үш жыл ішінде тек кәсіпорындардың күрделі жөндеу жұмыстарына 900 миллиард теңгеден астам жеке инвестиция тартылды. Бұл жұмыстың қарқынын бәсеңдетпеу керек. Алдымызда сенімді әрі заманауи энергетика инфрақұрылымын қалыптастырып, экономиканың дамуына тиісті жағдай жасау міндеті тұр. Осы орайда Үкімет «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» жөніндегі ұлттық жобаны іске асыра бастады. Оның



аясында 2030 жылға дейін кемінде 200 мың шақырым желі жанарады. Үкіметке еліміздің энергетикалық әлеуетін ұдайы арттыру міндеті жүктелді. Бұл — Қазақстанның экономикалық дамуын одан әрі табысты жүзеге асыру үшін аса маңызды. Еліміз экспорттық әлеуеті зор энергетикалық державаға айналуы керек, — деді Мемлекет басшысы.

Президент салада таяу жылдары атқарылатын нақты жұмыс бағыттарын атап өтті.

— Қазақстанның энергетикалық әлеуетін нығайту — басымдыққа ие міндет. Биыл батыс аймақтардың электр желісін күшейтетін бірегей жоба аяқталады. Бұл жоба Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарының энергетикалық тораптарын біріктіреді. Енді осы тораптарды бырыңғай ұлттық энергетика жүйесіне жалғау қажет. Елімізде басқа да ірі жобалар қолға алынып жатыр. Атап айтқанда, Екібастұздағы екінші ГРЭС-те жана энергоблоктар салынады. Сондай-ақ үшінші ГРЭС-тің құрылысы басталмақ. Бұл нысандар еліміздегі энергетика жетіспеушілігін жоюға тиіс. 2026 жылы Алматыдағы электр станцияларын жаңғырту — Үкімет пен әкімдік алдында тұрған маңызды мақсат. Сол арқылы ауаның ластану деңгейін төмендетіп, қаланың экологиялық ахуалын жақсарту қажет. Бұған қоса, келесі жылы Қызылорда және Түркістан облыстарында бугазқондырғысы бар электр станцияларын толық іске қосу керек. Біз 2035 жылға дейін 26 гигаваттан астам қуат көзін өндіретін нысандарды іске қосуды жоспарлап отырмыз, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, Қазақстанның табиғи ресурстарын және өндірістік әлеуетін ескерсек, біз электр қуатын басқа елдерден сатып алмауымыз керек.

— Түптеп келгенде, бұл — ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Бұдан бөлек, еліміздің зор энергетикалық мүмкіндігін тиімді қолдану қажет. Мысалы, Қазақстан — көмірге бай ел. Жыл сайын 110 миллион тоннадан астам көмір өндіріледі. Осы стратегиялық артықшылықты дұрыс пайдаланған жөн. Біз заманауи үлгідегі «таза көмір» технологиясына тезірек көшуіміз керек. Сол арқылы көмір станцияларының тиімділігін арттыра түсеміз. Бұдан бөлек, Курчатов қаласында жылу электр станциясын, Көкшетау, Семей, Өскемен қалаларында жылу электр орталықтарын салу қажет. Осы нысандардың барлығына «таза көмір» технологиясын енгізу керек. Шындығын айтсақ, бұл жобалардың жүзеге асуы әбден созылып кетті. Енді әрі қарай күтуге болмайды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Мемлекет жанартылатын энергия көздерін дамытуға да тиісті көңіл бөлініп жатқанын жеткізді.

— Еліміздегі көмір қоры — шамамен 33 миллиард тонна. Соған қарамастан, біз жанартылатын қуат көздерін дамытуға баса назар аударып отырмыз. Соңғы 5 жылда осы салаға 2,5 миллиард долларға жуық инвестиция салынды. Соның нәтижесінде энергетика секторындағы жанартылатын қуат көздерінің үлесі 7 пайыздан асты. Экологиялық тұрғыдан таза энергия өндірісін одан әрі дамыту үшін әлемдік ең үздік компаниялармен әріптестік орнаттық, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазір бүкіл әлем түбегейлі бетбұрыс кезеңін бастан өткеріп жатқанын алға тартып, атом станциясының құрылысын бастау туралы стратегиялық шешімнің маңызына назар аударды. Президенттің пайымдауынша, бұл болашақта еліміздің энергетикалық келбетін түбегейлі өзгертіп, экономикамызды қайта құруға ықпал етеді.

— Балқаш атом электр станциясының құрылысы, одан кейінгі салынатын екінші АЭС Қазақстанның энергетикалық әлеуетін арттыратыны сөзсіз. Сондай-ақ ядролық энергетика сияқты маңызды салада жана бағыттардың дамуына септігін тигізетін болады. Қазақстанның энергетикалық картасында атом станциясының пайда болуы ел экономикасының жана әрі сапалы деңгейге көшкенін білдіреді. Жалпы, дүние жүзінде болып жатқан ауқымды өзгерістердің энергетика саласына ықпал ететіні сөзсіз. Әлемде қуат көздеріне қызу тартыс жүріп жатыр десек, артық болмайды. Бұған сақадай сай дайын болғанымыз жөн. Мемлекет энергетика мамандарының жана буынын даярлап, осы саланың әлеуетін арттыра береді. Бірақ азаматтарымыз да бұл мәселеге жауапкершілікпен қарауы керек. Электр қуаты, жылу және су — тұрмысқа аса қажетті игіліктер. Сонын бәрін үнемдеп, ақылмен пайдаланған абзал. Жалпы, бұл — тұтас экономикаға ортақ талап. Ысырапшылыққа жол беруге болмайды. Халқымыз «Үнемшілдік — ырыстың кілті» деп бекер айтпаған. Біз осы қасиетті ұлттық дағдымыз етіп, қоғамда мүлдем жана мәдениет қалыптастыруымыз керек. Сіздердің қажырлы қызметтеріңіз — еліміздің энергетикалық дербестігінің мығымас кепілі. Әділетті, Таза, Қуатты Қазақстанда өздеріңіз сияқты еңбек адамдары ең жоғары сый-құрметке лайық, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің энергетика саласын дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін бір топ азаматты мемлекеттік наградамен марапаттады.

ЖАҢА СТАНДАРТ, ЖАҢА МҮМКІНДІК

Жалпы алғанда, «Келешек мектеп» ұлттық жобасы елордадағы білім беру инфрақұрылымын жүйелі түрде жаңғыртып, оқушылар үшін қолайлы, қауіпсіз әрі сапалы білім алу ортасын қалыптастыруға бағытталған.



→ 4

КИНОСЫНШЫНЫҢ «ҚАЗЫНАСЫ»


Кітапты жарық көре сала қолына алғандардың бірі — драматург, кинорежиссер Ермек Әмірханұлы да еңбектің маңызын айтып, студенттерге оқу құралы ретінде қажет дейді.



→ 8

ӘДІЛЕТТІЛІК ИДЕЯСЫ – ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ ӨЗЕГІ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бастаған Қазақстан Парламентінің делегациясы Ташкент қаласында Орталық Азия мемлекеттері және Корея Республикасының парламенттері спикерлерінің үшінші кездесуіне қатысты. 2023 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келе жатқан іс-шара парламентаралық диалог пен Орталық Азия елдері арасындағы өзара іс-әрекетті нығайтудың тиімді алаңына айналып отыр.



«Адами қадір-қасиет, әлеуметтік әділдік пен қоршаған ортаны қорғау жолындағы ынтымақтастық» тақырыбында өткен пленарлық сессияда сөз сөйлеген Мәжіліс Төрағасы ұсынылған күн тәртібінің өзектілігін атап өтті.

— Бүгінгі кездесудің тақырыбы — Қазақстан үшін өте жақын әрі маңызды. Адами қадір-қасиет, әлеуметтік әділдік пен қоршаған ортаны қорғау елімізде іске асып жатқан реформалармен толық үнеспіп, біте-қайнасып жатыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ер бастамасының негізінде осы мызғамас принциптер тұр. Әділеттілік идеясы — ұлттық идеологиямызға айналды. Өз кезегінде, бұл қағидалар — аймағымыздағы, тіпті әлемдегі тұрақты даму мен қауіпсіздіктің кепілі. Сондықтан бұл кездесу «Орталық Азия — Корея Республикасы» форумының күн тәртібін жана маңызды бағыттарымен кеңейте түсті, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикерінің пікірінше, адамның қадір-қасиетіне құрметпен қарау — Ұлы Жібек жолы бойындағы халықтарымызға ежелден тән қасиет. Орталық Азия өзге халықтың мәдениетіне, дініне және дәстүріне гуманизммен қарап, ашықтықтың үлгісін көрсетіп келеді. Тарихтағы ең тауқыметті кезеңдерде бұл жерге тұтас этностар жер аударылды. Соның ішінде шамамен 80 жыл бұрын корей халқы пана тапты.

Қазіргі алмағайып заманда осы қасиеттерді сақтап, оны келер ұрпақтың бойына сіңіру қажет. Сонда ғана олар кибербуллинг, құмар ойындар мен нашакорлық сияқты кеселге бірге төтеп бере алады. Қазақстан Президенті Орталық Азияның ең маңызды және ең құнды ресурсы білімді жас ұрпақ екенін талай рет атап өтті. Сондықтан жас буынға ерекше көңіл бөліп, ғылым, білім және мәдениет салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту арқылы олардың дамуына барлық жағдай жасау керек. Мысал ретінде, Қызылорда қаласында ашылған Сеул ұлттық ғылым және технология университетінің Жасанды интеллект институты мен Түркістан қаласында ашылған Усонг университетінің филиалын айтуға болады. Ол тұтас Орталық Азия жастары үшін жана мүмкіндіктерге жол ашады.

Әлеуметтік әділдік туралы айта келе, Ерлан Қошанов бұл Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі қағидаты екеніне назар аударды. Аталған принцип заңнамалық деңгейде барлық азамат үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, халықтың әл-ауқатын арттыру арқылы кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Сондай-ақ ол әлеуметтік маңызы бар барлық салада, соның ішінде Корея әлемде көшбасшы болып саналатын денсаулық сақтау мен фармацевтика бағыттарында тәжірибе алмасуды кеңейтуге және ынтымақтастықты тереңдетуге шақырды.

Мәжіліс Төрағасы өз баяндамасында цифрландыру мен жасанды интеллект мәселелеріне де ерекше көңіл бөлді. Ол форумға қатысушыларға Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанды үш жыл ішінде цифрлық мемлекетке айналдыру жөніндегі стратегиялық мақсаты туралы айтып, соған жетуге бағытталған ауқымды бағдарлама жайлы мәлімет берді. Атап айтқанда, Жасанды интеллект туралы заң қабылданды, Цифрлық кодекс бойынша жұмыс аяқталуға жақын. Халықаралық жасанды интеллект орталығы ашылып, Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютер іске қосылды. Бұл корейлік әріптестермен бірлесіп жұмыс істеуге жақсы негіз болып отыр. Ерлан Қошанов форумға

қатысушыларды Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия және Тынық мұхиты үшін Экономикалық және әлеуметтік комиссиясы аясында Тұрақты даму үшін цифрлық шешімдер орталығын құру жөнінде Қазақстанның бастамасын қолдауға шақырды.

Мәжіліс Спикері экологиялық күн тәртібінің маңызына тоқталып, өңірдегі бірқатар өзекті сын-кәтерді ортаға салды. Олардың қатарында Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі, Аралдың тартылуы салдары және су ресурстарының тапшылығы бар.

Бұл орайда Мәжіліс Төрағасы парламенттер арасындағы экология мәселелері бойынша өзара байланысты күшейтіп, бірлескен ғылыми зерттеулерді көбейту қажетін атап өтті. Корей ғалымдарының қатысуымен жүзеге асырылған Арал теңізінің құрғаған түбіне сексеуіл отырғызу — үлгі боларлық жобаның бірі. Сондай-ақ Кореяның теңіз ормандарын құру тәжірибесі де үлкен қызығушылық тудырады.

Мәжіліс Спикері әріптестерін 2026 жылы Астанада жоспарланып отырған Өңірлік экологиялық саммитте қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жана әрі батыл шешімдер ұсынуға шақырды.

Осы ретте БҰҰ аясындағы Халықаралық су ұйымының қызметі үшін де жана көкжиектерге жол ашылады. Аталған ұйымды құру идеясын Қазақстан Президенті жуырда ғана Ашхабадта өткен халықаралық форумда көтерген болатын.

Ерлан Қошанов Қазақстан мен Өзбекстанда атом электр стансаларын салудың басталуына байланысты ашылып жатқан жана экологиялық перспективаларға егжей-тегжейлі тоқталды. Бұл стансалар таза энергия алу мен «жасыл» технологияларды дамытудың сенімді көзіне айналады, зиянды шығарындыларды едәуір азайтып, өңірдің энергетикалық дербестігін нығайтады. Сондай-ақ Палата Спикері экологиялық мәдениетті қоғам санасына сіңіруге арналған отандық тәжірибе — «Таза Қазақстан» қозғалысын да тілге тиек өтті.

Сонымен қатар Ерлан Қошанов Орталық Азия елдері мен Оңтүстік Корея арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың оң қарқынын атап өтіп, сирек кездесетін металдар өндіру мен қайта өңдеуде, ауыл шаруашылығы, көлік пен логистика салаларында әріптестікті кеңейтуге зор мүмкіндік бар екеніне мән берді.

Форумның күн тәртібін әрі қарай талқылау экономикалық ынтымақтастық, цифрлық трансформация және өнеркәсіп мәселелеріне, сондай-ақ орнықты дамуды қамтамасыз ету мен қоршаған ортаны қорғауға арналған екі панельдік сессия аясында жалғасты. Бұдан бөлек, форумға қатысушы елдердің парламенттеріндегі талдау орталықтары мен ғылыми қауымдастық өкілдерінің кездесуі өтті. Іс-шара қорытындысы бойынша парламентарийлер Бірлескен декларация қабылдады.

Форум аясында Ерлан Қошанов Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының төрағасы У Вон Шикпен, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының төрайымы Танзила Нарбаевамен және Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасының спикері Нуриддин Исмоиловпен парламентаралық ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Сонымен бірге форумға қатысушылар Ташкенттегі Ислам өркениеті орталығына барды.

Орталық Азия мемлекеттері және Корея Республикасының парламенттері спикерлерінің төртінші кездесуін 2026 жылы Қазақстанда өткізу жоспарланып отыр.

САЯСАТ

МӘЖІЛІС ФРАНЦИЯМЕН КЕЛІСІМДІ РАТИФИКАЦИЯЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Палатаның жалпы отырысында депутаттар Франциямен және ЮНЕСКО-мен арадағы екі халықаралық келісімді ратификациялады. Сондай-ақ Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерге денсаулық сақтау қызметкерлерін зорлық-зомбылықтан қорғау мақсатымен енгізілген түзетулерді екінші оқылымда қабылдады.

Мәжіліс 2024 жылдың 5 қарашасында Парижде қол қойылған Қазақстан мен Франция үкіметтері арасындағы адамдарды реадмиссиялау туралы келісімді ратификациялады. Ішкі істер министрінің міндетін атқарушы Санжар Әділов құжат нормаларын таныстырды.

— Келісімнің негізгі мақсаты — ұлттық заңнамалар талаптарын бұзып, екі елдің аумағында жүрген адамдарды реадмиссиялау мәселелері бойынша екіжақты ынтымақтастыққа құқықтық негіз қалау, — деді жұмыс тобының жетекшісі Николай Арсютин қосымша баяндамасында.

Құжатта осы елдер аумағында болу шарттарын бұзған немесе қиын жағдайға тап болған, айталық құжатын жоғалтқан адамдарды өз еліне қайтару тәртібі қарастырылған. Қазақстан азаматтары жеке басын қуәландыратын құжаттарының жоғалғаны немесе елде заңсыз жүргені туралы құзыретті органдарға хабарлаған жағдайда, Франциядан ешқандай санкциясыз елімізге орала алады. Бұл ретте осы елдің Ішкі істер министрлігі оның өз еліне қайтуы үшін тиісті құжаттың рәсімдеуге көмектеседі.

Сонымен қатар Николай Арсютин бұл келісім үшінші ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды олардың азаматтығы бар елге немесе тұрақты мекендейтін мемлекеттеріне қабылдау, ауыстыру және транзиттік тасымалдау рәсімдеріндегі бірлескен іс-әрекеттердің бірізділігін мен реттілігін қамтамасыз ететінін айтты.

Талқылау барысында депутаттар азаматтығы жоқ адамдарды қайтару, қате реадмиссия жағдайындағы қаржылық жауапкершілікті бөлу және қайта қабылдау туралы өтініштерді қараудың жеделдетілген тәртібін қолдануға қатысты мәселелерді көтерді. Сондай-ақ шетелдегі қазақстандық азаматтардың құқықын қорғау, соның ішінде Францияда төлқұжаты жоғалған жағдайдағы іс жүргізу тәртібін, заңда белгіленген жазаларды және құжаттарын қалпына келтіргеннен кейін қайта кіру мүмкіндігін талқылады.

Жалпы отырыста Қазақстан Үкіметі мен Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Қазақстанда 2-санаттағы орталық ретінде Орталық Азия өңірлік глянциологиялық орталығының мәртебесін қайта жалғастыру туралы келісім ратификацияланды. Құжатқа 2025 жылы 19 маусымда Астана қаласында қол қойылған болатын. Заң жобасы жөнінде Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушы Гүлзат Көбенова баяндады.

Жұмыс тобының жетекшісі Гүлдара Нұрым бұл келісімнің мұздықтарды, қар мен мәнгі тоңды зерттеуге, сондай-ақ климаттың өзгеруі кезінде аймақтың су ресурстарына әсерін бағалау саласындағы халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайтуға бағытталғанын айтты.

Орталық Азия өңірлік глянциологиялық орталығына сегіз жыл мерзімге 2-санаттағы орталық мәртебесі беріледі. Аталған Орталық өңірдің глянциологиясы мен су ресурстарын ғылыми тұрғыда зерттеу, білім беру және үйлестіру қызметін жалғастырады.



Гүлдара Нұрым Қазақстан халықаралық сарапшылар қатысатын бірлескен жобаларды, семинарлар мен оқыту бағдарламаларын өткізуге, сондай-ақ мұздықтарды бақылау және қорғау саласындағы ғылыми деректерді ашық алмасуға, заманауи технологияларды ілгерілетуге мүмкіндік алатынын атап өтті.

Құжатты талқылау барысында депутаттар ғылыми зерттеулердің нәтижелері мен шетелдік ғалымдардың қатысуы, ЮНЕСКО-ның Орталық қызметін бағалауы және оның Қазақстандағы жұмысын жалғастырудағы практикалық тиімділігі жөнінде сұрақ қойды. Қаржыландыру мен кадр мәселелері, соның ішінде жас мамандардың оқыту, шығындардың көбеюі, жергілікті сарапшыларды тарту және аймақтағы барлық елдің қаржылық қатысу мүмкіндігі талқыланды. Сонымен қатар парламентарийлер елдің су ресурстарына қатысты ұзақмерзімді болжамдарға, Алматы облысындағы мұздықтардың еруіне байланысты климаттық сын-кәтерлерге, Қазақстанның БҰҰ-мен өзара іс-әрекетінің халықаралық құқықтық аспектілеріне тоқталды.

Мәжіліс Қылмыстық кодекс пен Қылмыстық-процестік кодекске толықтырулар енгізу туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Құжатты денсаулық сақтау қызметкерлеріне физикалық зорлық-зомбылық пен қатыгездік көрсеткені үшін жазаны күшейту туралы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес депутаттар әзірлеген.

Жұмыс тобының жетекшісі Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, түзетулер аясында медицина қызметкерлері мен жедел жәрдем жүргізушілеріне қатысты күш қолдану немесе күш қолдану қаупін төндіргені үшін қылмыстық жауапкершілік белгілейтін жана 380-3-бап енгізіледі.

— Дәрігерге жасалған шабуыл — зая кеткен уақыт, жасалмаған емдеу шаралары мен ұрланған өмір. Ал инсульт немесе жаракат кезінде әр сәт тұтас өмірге тең. Бұзақының кесірінен қолы сынған хирург — жасалмай қалған мыңдаған ата деген сөз. Соққыға жығылған жедел жәрдем жүргізушісі — жүздеген шұғыл шақыртуға бармай қалған бүтін бір бригада деген сөз. Сондықтан

дәрігерді қорғау — әрбір қазақстандықтың денсаулығына кепілдігін қорғау. Біз осы заң арқылы «қызыл межені» белгілейміз. Ақ халатты абзал жанға жасалған шабуыл — бүкіл қоғамға жасалған қастандықпен тең! — деді А.Аймағамбетов.

Жана нормалар бойынша адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін күш қолданғаны үшін немесе күш қолданбақ болғаны үшін 500-ден 1000 АЕК-ке дейін айыппұл салу, не болмаса сол мөлшерде түзету жұмыстарына немесе 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту, 2 жылдан 3 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе айыру жазасы ұсынылады. Егер ауыр әрекет жасалса, жаз 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түрінде күшейтіледі.

Адам өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдануға қатысты 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. Ол ауыр жағдайда жасалған болса, 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы беріледі.

Қылмыс құрамының элементтерін ажырату үшін депутаттар медицина қызметкерлері мен жедел жәрдем жүргізушілеріне қатысты зорлық-зомбылық көрсету қаупі үшін бөлек қылмыстық жауапкершілік енгізуді ұсынды.

Сондай-ақ жалпы отырыста Мәжіліс комитеттері жана заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Олар: рейтингтік қызмет туралы заң жобасы мен оған ілесіп түзетулер; ЕАЭО мен үшінші тарап арасындағы бірін-ғай кедендік транзит жүйесі туралы келісімді ратификациялау жобасы; телекоммуникация нарығын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту туралы түзетулер; Қазақстан мен Қытай үкіметтері арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау жобасы; техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру және халықтың көпші-қоны мәселелері туралы заң жобасы.

Жалпы отырыс соңында депутаттар мемлекеттік органдарға өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша 22 сауал жолдады. Олар Мәжілістің ресми сайты мен телеграм арнасында жарияланды.

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫ ӨСІМ КӨРСЕТТІ

Үкімет отырысында Қазақстанның биылғы 11 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары қаралды. Ұлттық экономика министрлігінің дерегінше, басты көрсеткіш — жалпы ішкі өнімнің өсімі. Ол қаңтар-қараша аралығында 6,4 пайызға артқан.

Президенттің сапалы дамуды қамтамасыз ету және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі тапсырмаларын орындау шеңберінде ел экономикасы өсу қарқынын көрсетіп отыр.

Негізгі драйверлер өсімі 7,3%-дан 7,4%-ға дейін жеделдеген өнеркәсіп пен 6,1%-ға ілгерілеген ауыл шаруашылығы болды. Тұрақты дамуды нақты экономиканың басқа секторлары да көрсеткен. Атап айтқанда, көлік саласы 20,3%-ға, құрылыс 14,7%-ға өсті, ал сауда 8,8%-ға артты.

«Экономика сыртқы жағдайларға бейімделіп, тұрақты даму жолына түсті. Біз базалық салаларда жеделдеу барын көріп отырмыз, бұл әлеуметтік міндеттемелерді орындау және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру үшін берік негіз қалайды», — деді Премьер-министрдің орынбасары — ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин.

Президенттің экономиканы әртарап-тандыру және отандық өндірісті дамыту жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыру айтарлықтай нәтиже берді.

11 айдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібі 5,9% жалпы өсім көрсетті. Кіші салаларға бөлгенде машина жасау секторы сөзсіз көшбасшы болып отыр, онда өндіріс көлемі 11,6%-ға өсті. Басқа да негізгі секторларда оң динамика бар: азық-түлік өндірісі 8,7%-ға, химия өнеркәсібі 8,1%-ға, ал мұнай өңдеу 6,5%-ға өсті.

«Бұл салалардағы инвестициялар мен өндірістің өсуі ауқымды мемлекеттік қолдаумен тікелей байланысты. Тек «Бәйтерек» холдингі тарапының өзінен осы кезеңде басым бағыттарды қаржыландыру көлемі 8 трлн теңгеден асты», — деп атап өтті Серік Жұманғарин.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет ішкі нарықты сапалы өнімдермен толтыру бойынша жүйелі жұмыстарды жалғастыруда. Жылдың басты жетістігі екінші жыл қатарынан рекордтық астық жиналғаны — ол шамамен 27 млн

тонна. Бұл туралы Үкімет отырысында Премьер-министрдің орынбасары — ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин мәлімдеді.

Жалпы, 11 айда агроөнеркәсіп кешені 6,1% өсім көрсетті. Негізгі үлес егін шаруашылығында (+7,6%), ал мал шаруашылығы 3,5%-ға өсті. Сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар сүт (+5%), ет (+3%) және жұмыртқа (+1,5%) сынды өнімдердің де өндірісі артты. Өсу көшін Ақмола (15,7%), Қостанай (15,4%) және Солтүстік Қазақстан (10,5%) облыстары бастап тұр.



БАҒДАР

18 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

«БӨРТЕ»: ӘЙЕЛДЕРДІҢ САЯСИ КӨШБАСШЫЛЫҚ МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ



Түркістан қаласындағы «Ұлы дала елі» орталығында «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы жанындағы Әйелдер қанатының «Бөрте» әйелдердің саяси көшбасшылық мектебі ашылды. Мұндағы мақсат – өңірдегі қыз-келіншектердің бас-тамаларына жан-жақты қолдау көрсету, әлеуетін ашу және дағдыларын дамыту.

Қоғамдық-саяси алаңның ашылу салтанатына «AMANAT» партиясының Хатшысы, Әйелдер қанатының төрағасы Шолпан Каринова, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев, «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбеталиев қатысты. Жиын модераторы – «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Қалыйма Жантөреева.

Іс-шара аясында ұйымдастырылған дәрістерде 200-ге жуық адам бас қосты. Олардың арасында аудан, қалалардағы партия филиалдары Әйелдер қанатының жетекшілері, белсенді құрамы, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларында еңбек ететін қыз-келіншектер, депутаттар, облыстық Әйелдер қанатының 10 бағыт бойынша бекітілген жетекшілері бар.

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев осы саяси көшбасшылық мектебінің ашылуы қоғамдағы әйелдердің рөлін арттыруға, олардың көшбасшылық әлеуетін дамытуға бағытталған маңызды қадам екенін атап өтті.

«Түркістан облысында тұрғындардың 49%-ы – әйелдер. Биыл 10 айда өңірімізде

38 мың бала дүниеге келді. Бүгінде облыс аумағында 185 мыннан астам көпбалалы ана бар. Олардың 18 мыннан астамы «Алтын алқа», ал 43 мыннан астамы – «Күміс алқа» иегері. Түркістан облысында шамамен 212 мыннан астам кәсіпкер бар. Оның 89 мыңға жуығын немесе 42 пайыздан астамын әйелдер құрайды. Өңіріміздегі 5 611 мемлекеттік қызметшінің 1 572-сі – қыз-келіншектер. Олардың 233-і басшылық лауазымдарды атқарады. Осы орайда, жаңадан ашылған «Бөрте» саяси мектебінің қабырғасында білім алған әйел көшбасшылар елдік мүддені алға қойып, қоғам дамуына нақты үлес қосады деген ойдамын. Осы мектепте дәріс алған қыз-келіншектер болашақта мемлекеттік қызметте, қоғамдық-саяси салада, кәсіпкерлік пен әлеуметтік бастамаларда елге үлгі көрсетеді деген сенімдеміз», – деді ол.

Осы орайда, «AMANAT» партиясының Хатшысы, Әйелдер қанатының төрағасы Шолпан Каринова саясаттағы қыз-келіншектердің мүмкіндіктері туралы ой бөлісті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдердің құқығын қорғау мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Оны өздеріңіз де жақсы білесіздер. Бүгінде

Қазақстан халқының 51%-ы – әйелдер. Қыз-келіншектер мемлекет пен ұрпақ тағдырына әркез жауапкершілікпен қарайды. Сондықтан олардың идеялары мен өмірлік тәжірибесі әркез назарға алынуға тиіс. Қазір әйелдер жыныстық зорлық-зомбылықты жою, халықтың тұрмысын жақсарту, лайықты зейнетақымен қамтамасыз ету, денсаулық сақтау саласын дамыту, бала күтімі бойынша демалыс және тағы басқа мәселелерді көтеріп келеді. Бұл – қоғам үшін аса маңызды мәселелер. Аталған тақырыптар саяси күн тәртібіне енгізіліп, өзге де басым бағыттармен тең дәрежеде талқылануы қажет», – деді партия Хатшысы.

Сондай-ақ ол гендерлік саясатты жетілдіру бойынша Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының негізгі ұсыныстарын, әлемдегі талдау орталықтарының ұлттық гендерлік саясатты бағалауларын, БҰҰ-ның Қазақстандағы Даму бағдарламасы мен «БҰҰ-Әйелдер» құрылымының кешенді әлеуметтік зерттеуін, оқу құралдарындағы гендерлік құрылымдарды зерттеу нәтижелерін таныстырды. Бұған қоса, кәсіби салада әйелдер тап болатын кедергілер, гендерлік алшақтықтың жаһандық индексі, Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттардағы әйелдердің үлесі, «AMANAT» партиясының Әйелдер қанатының миссиясы мен мақсаттары, 10 басымдық аясындағы негізгі бастамалар, әйелдердің саяси көшбасшылығын дамытуға арналған TOMIRIS партиялық жобасының міндеттері, «Әйел аманаты» жобасының бастамалары назарға алынды.

Бұл ретте, «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбеталиев әйелдердің саяси көшбасшылық мектебі қыз-келіншектердің әлеуетін ашуға, олардың қоғамдағы рөлін күшейтуге бағытталғанын жеткізді.

«Елімізде әйелдер қауымы түрлі салада биік белестерді бағындырып келеді. Ал көшбасшы әйел тек отбасының ұйытқысы ғана емес, сонымен бірге тың идеяның, әділдік пен парасаттың символы. Бұл мектеп осы құндылықтарды қолдап, жана буынның танымын кеңейтіп, батыл әрі білімді көшбасшы тәрбиелеуге арналған. Осы мектепте берілген білім қоғамға өз пайдасын тигізеді деген сенімдемін», – деді Алтынсары Үмбеталиев.

ЖАС ӨРЕНДЕРДІҢ ЖЫР ДОДАСЫ

Қарағанды облысы әкімдігі мен «AMANAT» партиясының қолдауымен өткізілген «Тұлпар мініп, ту алған» облыстық байқауы өз мәресіне жетті.



«Бөгенбай батыр» жырын жатқа айтудан «Тұлпар мініп, ту алған» халықтық өнер байқауы өңір халқының біртұтастығын көрсетті. Жыршылық сәл көмескі тартқанмен ел арасынан еш үзілген жоқ. Міне, сол жыршылық жанрды қайта жандандырып, жас жеткіншектеріміз әуелете биікке көтерді. Ұлттық кодты көзінің қарашығындай сақтап, көнеден жанаға, бабадан балаға жалғап, мирас ете білген казак өнеріне өз үлесін қосқан Бөгенбай батыр жырын жатқа оқудан «Тұлпар мініп, ту алған» облыстық байқауының үшінші орынын Жанерке Өмірғалиева алды. Үшінші орын иегеріне 250 мың теңге мен жеңімпаз дипломы табысталды.

Жас жыршыны жыр додасына дайындаған ұстаз да құрметтен құр қалған жоқ. Жүлдіз Шопанова да 250 мың теңге мен жеңімпаз дипломына ие болды.

Облыстық байқаудан екінші орынды Инабат Сәрсенбекқызы алды. 500 мың

теңге мен жеңімпаз дипломы табысталды. Ұстазы Арайлым Тенелді 500 мың теңге мен жеңімпаз дипломына ие болды.

«Бөгенбай батыр» жырын жатқа айтып танылған санлақ – бірінші орынды қанжығасына байлаған Райана Әмірханова. Жеңімпазға 1 млн теңге мен дипломды Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей табыстаса, жоғары оқу орнының грантын Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің ректоры Ерқара Аймағамбетов ұсынды. Ұстазы мықтының ұстанымы мықты деген! Жас жыршының алғырлығы мен жігерін байқап, осы дүбірлі додаға дайындаған – Толғанай Ерменбетова. Ұстазға 1 миллион теңге және ұлағатты істің қайнары, білімдінің айбары болған жеңімпаз ұстазға автокөліктің кілті табысталды.

Арнайы жүлде 300 мың теңге Нұрсая Мырзағали ие болды.

САЙЛАУАЛДЫ МІНДЕТТЕР ӨЗ НӘТИЖЕСІН БЕРУДЕ



Қастерлі мерекеміз – Тәуелсіздік күні қарсаңында Түркістан облысында бірқатар әлеуметтік маңызы бар жобалар қоғам игілігіне пайдалануға берілді. Азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға, ауыл-аймақтарды дамытуға бағытталған бұл жобалар «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасына еніп, партия бекіткен жобалардың нақты іске айналып отырғанын көрсетеді.

Ұлт тарихындағы айтулы күнге орай Жетісай ауданында 2 фельдшерлік-акушерлік пункт пен дәрігерлік амбулаторияның құрылыстары аяқталып, іске қосылды. Денсаулық сақтау жүйесіндегі жана нысандарының ашылуына Жетісай ауданының әкімі Серік Мамытов, аудандық мәслихат төрағасы Медет Қасымов, «AMANAT» партиясы Жетісай аудандық филиалының төрағасы Асқар Қайназаров, аудандық мәслихат депутаты Азамат Қожабаев, Жетісай аудандық ауруханасының бас дәрігері Бағила Утеулиева қатысып, тұрғындарды мерейлі сәттерімен құттықтады.

Фельдшерлік-акушерлік пункттер Мақталы ауылдық округінің Алматы және Алтынсарин елді мекендерінде бой көтерді. Қос нысан екі мыннан астам тұрғынға қызмет көрсететін болады. Айта кету керек, осы ауылдарда бұрын қызмет атқарған медицина ұйымдары өткен ғасырдың 60-шы жылдары салынған ғимараттарда орналасқан еді. Жаңа нысандар толық сапа стандарттарына сәйкес салынды, аса қажетті білікті кадрлармен және заманауи

медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Ж.Ералиев ауылдық округінің Бәйтерек елді мекенінде ашылған «Бәйтерек» дәрігерлік амбулаториясында 10 қызметкер жұмыс жүргізетін болады. Бұл нысан да екі мыннан астам тұрғынға медициналық көмек көрсетіп, азаматтардың денсаулық жағдайын жақсартуға үлесін қоспақ. Жаңа буын медицина мекемелерінде жалпы тәжірибелі дәрігерлер, стоматологтар, акушер-гинекологтар, баланы дамыту мамандары, әлеуметтік қызметкерлер жұмыс істейді. Мұнда екпе егу, науқастарға арналған сүзгі, әмбебап патронаж, ем-шара жүргізу, стерильдеу, медициналық қалдықтарды залалсыздандыру бөлмелері қарастырылған.

Сондай-ақ Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында осы ауданның Жаңа ауыл елді мекені табиғи газ жүйелеріне қосылды. Атқарылған жұмыстың нәтижесінде, ауылдағы 2 460 тұрғын көгілдір отынның игілігін көретін болады. Аудан әкімі Серік Мамытовтың айтуынша, бүгінде аудандағы 105 елді мекеннің 92-сі орталықтандырылған

газ жүйелеріне қосылып, газ пайдаланушы елді мекендердің үлесі 87,7 пайызға жетіп отыр.

Аудан елді мекендерін газдандыру жұмысы «AMANAT» партиясы өкілдерінің, соның ішінде жергілікті мәслихаттағы партиялық фракция мүшелерінің жіті бақылауына алынған. Бұл бағытта атқарылған қарқынды жұмыстың нәтижесінде, Жетісай ауданында былтыр 4 елді мекен көгілдір отын жүйелеріне қосылса, биылдың өзінде 13 елді мекенге газ беріліп отыр. Жыл соңына дейін тағы 7 елді мекен табиғи газ тұтынатын болады. Қазір бұл бағытта 3 нысанның құрылыс-монтаж жұмысы жүргізіліп жатса, тағы 10 елді мекенге газ тарту бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу жұмыстары басталған.

Партияның сайлауалды бағдарламасы шеңберінде Отырар ауданының Ақкөл елді мекені таза ауызсуға қол жеткізді. Құрылысы аяқталған жобаны қоғам игілігіне беру рәсіміне арналған жиынға Отырар ауданының әкімі Қайрат Жолдыбай, аудандық мәслихаттың және «AMANAT» партиясы Отырар аудандық филиалының төрағасы Уәлихан Ұзақов, ауыл ақсақалдары және тұрғындар қатысты.

Ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға қызмет ететін жобаның құрылыс жұмысын Exclusive Project company ЖШС жүргізді. Мердігер ұйым жобаға сәйкес 11,5 шақырымнан астам су құбырларын орнатып, тереңдігі 1 250 метрді құрайтын екі су ұңғымасын қазды, су сорғы стансасының құрылысын жүргізді. Атқарылған жұмыстың игілігін ауылдағы 65 отбасының мүшелері көріп отыр. Аудан басшылығы ауылға сапалы ауызсудың келуін тек әлеуметтік мәселе деп қарастырмайды, бұл бастаманы тұтас аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттыруға, ауыл шаруашылығы мен шағын кәсіпкерлікті дамытуға серпін беретін маңызды фактор деп біледі.

«AMANAT» партиясының Түркістан облыстық филиалы үшін сайлауалды бағдарламаның орындалуы – халықтың өмір сапасын нақты жақсартуға бағытталған жүйелі жұмыс. Алдағы кезеңде де партияның өңірлік филиалы облыстың даму әлеуетін толық пайдалана отырып, әрбір бастаманың нәтижелі жүзеге асуын үйлестіруді жалғастыра бермек.

ТҮРЛІ САЛАНЫҢ МАМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

«16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні» мерекесі қарсаңында бірқатар сала өкілдеріне құрмет көрсетілді. «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Мұрат Жолдыхожаев атаулы күнге орай қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген және партиялық жобалардың табысты жүзеге асуына белсенді қолдау білдірген азаматтарды алғысхаттармен марапаттады.



Мерекелік жиынға «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Ербол Байқонысов, партия қызметкерлері, сондай-ақ заң саласының мамандары, әлеуметтік қызметкерлер, жас спортшылар мен терроризмге қарсы бағытта еңбек етіп жүрген құзырлы орган өкілдері қатысты.

Салтанатты шара барысында сөз сөйлеген Мұрат Жолдыхожаев жиналғандарды Тәуелсіздік күнімен құттықтап, бұл мерекенің ел тарихындағы айрықша маңызына тоқталды.

– Тәуелсіздік – ата-бабамыздың аңсаған арманы, халқымыздың ең басты құндылығы. Бүгінгі жетістіктеріміз бен

тұрақты дамуымыз – өз ісіне адал, елге қызмет етуді өмірлік ұстанымына айналдырған азаматтардың еңбегінің нәтижесі. Сіздердің қоғам игілігі жолындағы қызметтеріңіз жас ұрпаққа үлгі, – деді партия филиалының төрағасы.

Марапатталған азаматтар көрсетілген құрмет пен сенім үшін алғыстарын білдіріп, алдағы уақытта да ел игілігі жолында аянбай еңбек етуге дайын екенін жеткізді.

Айта кету керек, мұндай тағылымды кездесулер мен марапаттау шаралары еңбеккор жандарды қолдауға, қоғамдағы белсенді азаматтардың беделін арттыруға және Тәуелсіз елдің құндылықтарын дәріптеуге бағытталған.

ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ – АУЫЛҒА АМАНАТ

Адамға саяси сауаттылықтан бұрын қаржылық сауатты ашу – маңыз- дырақ. «Маңдай тер, табан ақымен» тапқан ақшадан шашау шығармай, жөнімен жұмсау керек. Сонда артық шығынға тап болмайды. Мәселен, несиені тұрмыстық қажеттіліктерге емес, табысты кәсіп бастау үшін алып, бизнеске салған адам ұтады. Бизнестен көп қаражат жинап, сосын қажеттіліктеріне жұмсаса да болады. Кәсіптің көзін тауып, ақша- ның дәмін татқан кісі жиіған-тергенін басқа да бизнеске салуды жөн көреді. Қаржылық сауаттылық адамды бос шығын, артық төлемдер- ден сақтандырады. Киім, жиһаз, тұрмыстық техника, телефонды бөліп төлеуге алып жатқан адамдар қызығына кіріп кетпей, ақшасын есеп- теп көрсе пәленбай миллионға жеткенін байқайды. Ал 1-2 млн теңге несиеге кәсіп ашып, ақша жинап алып барып, үйі мен өзіне керектісін түгелдесе, қазіргідей дүние жарысқа түспес еді. Шамасы жетсін-жет- песін бір-бірінен қалыспай жарысудың салдарынан да адамдар қарызға батып жатыр. Әйтеуір, соңғы жылдары азаматтарымыз иппо- текалық несиеге үй мен көлік алып, маңызды мәселені шешуге көше бастады. Баспана – өмір сүретін тұрағына, ал көлік күнкөріс көзіне айналды. Бұл да халықтың мемлекеттің көмегіне қарап қалмай, өз бетінше әрекет еткенінің көрінісі.

Елде жұмыссыздық деңгейі жоғары болғандықтан, банктердің берген жоғары пайызды несиесін төлей алмай жатқандар жетерлік. Себебі тұрақты жұмысы жоқ төлем қабілетіне кепіл жоқ. Десе де, арасында ай сайын төлем жасап жүргендер баршылық. Әрбір екінші адамның несиеі бар. Оның басым бөлігі әлгінде айтқан тұрмыстық қажеттіліктерге алынған. Несиені төлей алмай қалған 1,5 млн борышкерлердің есепшоты бұғатталған. Ал жұмыссыз азаматтардың көбеюіне әкеп соқты. Белгілі бір жерде жұмыс істеу үшін есепшот ашық болуға тиіс. Бүгінде халықтың банктерге берешегі 26 триллион теңгеден асып кеткен. Банктер саудаман айналысып, халық банктердің асыраушысына айналды. Бұл алаңдатарлық мәселеге мемлекеттік деңгейде мән беріліп, Президент пәрменімен 2019 жылдың өзінде 500 мың адамның несиесі кешірілді. 90 күннен аса төленбеген қарызы бар борышкерлер банкрот деп таныла бастады. Сөйтіп, қоғамда қалыптасқан «жалақы – төлем – жаңа қарыз» шеңберін бұзу басталды. Бұл іске бас партия кірісті. Азаматтар банктерге берешекті болып қалмау үшін «АМАНАТ» партиясы Президент тапсырмасына сәйкес «Қарыз- сыз қоғам» жобасын жүзеге асырып келеді. Яғни, азаматтардың қаржылық сауатын ашуден айналысуда. Нәтижесінде, бір миллионнан аса адам қаржылық сауат ашу курстарынан өтті. Бұл іске елдегі 21 қаржылық ұйымның ішінен 12 жан кар- жыгерлері мен 11 ведомство, экономика- лық сарапшылар жұмылдырылды. Партияның 200-ге жуық білікті заңгері әлі күнге бұл бағытта кеңес беруді жал- ғастыруда. Тіпті, ата-анасының жағдайы бар-жоғына қарамастан, айфон алдыратын жастарға шейін қаржылық сауат ашу сабақтары жүргізілді. Бүгінгі жастар не- сиенің өзін жөнімен алуды үйренсе игі

еді. Себебі жас отбасыларға үй мен көлік, күнделікті табыс түсіп тұратын кәсіп теледидар, телефон және т.б. дүниелерден маңызды болуы керек. Мысалы, 2023 жылы 7 миллионнан астам отандасымыздың мойнындағы несиесінің жалпы сомасы 15 триллионнан асса, қазір 26 триллионға жеткен. Қарызы 180 миллиард теңгені құрайтын 45 мың 200 борышкер банкрот деп танылып, тізім біршама азайды. Олардың 5 жылдан бергі қарыздары өтел- меген екен. Олардың арасында әлеуметтік осал топтар да бар. «Қарызсыз қоғам» жобасының аясында биылдың өзінде 862 мыңнан астам адам кәсіби құқықтық көмек алған. Оның 53 па- йызы ауыл адамдары болса, 61 пайызы — әйелдер. Көпшілік уақыттылы төлей алмаған қарыздың кесірінен есепшоттары бұғатталып, жұмыссыз қалып, уайыммен күн кешіп жүр. Қазір несиені реттеуге арналған заңдар жұмыс істеп тұр. Сондықтан уайым кешіп жүре бермей, мамандардың көмегіне жүгінген жөн. Соның арқасында партияға өтініш берген 500 мыңға жуық борышкердің жартысына несие төлеудің жаңа кестесі түзіліп, қарызын қайта құрылымдауға мүм- кіндік туды. Олардың банк карталарындағы әрестті шешуге заңгерлер көмектесіп, жа- лақы мен әлеуметтік төлемдер алуына жол ашылды. Десе де, әлі де несие тарихы нашар адамдар әлі де бар. Олардың қаржылық білімінің төмендегін пайдаланып, сот орындаушылары мен коллекторлар өз дегенін істеп жүр. Банкрот деп танылу үшін де, несие төлеу кестесін түзу үшін де, сот орындаушылары мен коллекторға алданбау үшін де заңгерлер мен сотқа жүгіну керек. Мемлекет басшысы қабылдаған заң борышкерлердің мәселесін шешуге тиіс. Оған жауапты органдар банкрот мен кол- лекторлардың ықпалында кетпей, заң талаптарының орындалуына жұмыс істеу



керек. Әйтпесе, ел ішінде әлі де зейнеткер- лердің зейнетақысын бұғаттап тастап жатқан сот орындаушылары мен коллекторлар бар. Өздеріңізге коллекторлық компания- лардың банктердің қарызын сатып алуға мораторий жарияланған. Ол тағы бір жылға созылып жатыр. «Қарызсыз қоғам» аясында 35 мыңдай адамның қарызы қарызы толығымен есептен шығарылса, жүзеген азаматтың төлем қабілеті қалпына келтірілді. Сондай-ақ екінші дәрежелі банктерге мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау көрсетпеуді қоғам талап етуде. Банктердің айналасында дау көбейіп кеткендіктен, Президент Парламентке «Банк туралы» заң әзірлеуді тапсырды. Қазір заң жобасы Сенаттың қарауында жатыр. Банктердің өсімі де борышкерлерді титықтаумен келеді. Халық емес банкрот боп жатқан, жоғары өсімді банктер бұқараны да, мемлекетті де, бизнесті де шығындатып жатқан. Салыстырмалы түрде қарасақ, 22-38 пайыз бен 2,5-4 пайыздың арасында аспан мен жердей айырмашылық бар емес пе? Президенттің шетелдік банк филиалдарын ашуды тапсырғанына біраз болды. Бірақ әлі созбалаңға салынып келеді. Шетелдік банктерде өсім төмен. Ал Ислам банктерінде тіпті жоқ. Біздің екінші деңгейлі банктердің өсімін төмендету керек. Банкроттық пен несие айналасындағы проблеманың шешімі осы да ғана. Пайыз өсімін 22-38-ден 4-8 пайызға дейін төмендету қажет. Елдегі екінші деңгейлі банктерді сауықтыруға мемлекеттен триллиондар бөлініп келді. Қанша табыс тауып жатса да, Президент айтқандай, қозғалыссыз жатқан активтерді экономиканы көтеруге бұрмай келеді. Сондықтан екінші банктерге мемлекет тарапынан көмек бермеу керек те әрі пайыздың үстемақысын төмендетуді заңмен шегелеп талап ету қажет. Жаңа заңда несие алу мен бөліп төлеуге тауар сатып алуда

клиенттің төлем қабілеті жан-жақты ескерілертін болады. Банктердің үстемақысы жоғары болғандықтан, қарызын төлей алмай жүргендер пайызды төмендетуді сұрануда. Халықтың сөзінің жаны бар. Біздің банктер 4-8 пайызбен үстемақыны асырмаса мұртын балта шаппайды, бәрібір еселенген табиска кенеледі. Қарыз алмас бұрын терең ойланып, жан-жақты зерделеп барып, алған немесе бас тартқан дұрыс. Бұл нормативтік те реттелді. Егер несие рәсімдеп қойып, 24 сағат ішінде айнып қалсаңыз, бас тарта аласыз. Сарапшылар осындай кедергілер кепілсіз несие рәсімдеу көрсеткіштерін төмендетуге себеп болғанын айтады. Цифрландыру дәуірінде онлайн кепілсіз несие рәсімдеу онай боп кетті. Соны кейбір отбасыларды қиналтып қойды. Енді банктің өзіне барғандарға несие беру де көзделіп отыр. Сол сияқты алаяқтықпен рәсімделген несиелер банкрот деп танылуға. Барлық іс-шаралар халықтың қаржылық сауатын арттыру мен бейберекет несие рәсімдеуден сақтандыру үшін жасалып жатыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында «Қарызсыз қоғам» жобасының тиімділігін атап өтті. «АМАНАТ» партиясын халыққа түсіндірме жұмыстарын жүргізу мен құқықтық көмек көрсетуді жалғастыра бермек. Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов алда атқарылатын үш басымдықты жария етті. Алға қойған мақсат стратегиялық міндетке айналады. Жастарды қарызданудан сақтандыру үшін «АМАНАТ» партиясы Оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім министрліктерімен бірге жұмыс істейді. Яғни, бюджет, процент, несие мен цифрлық қауіпсіздік туралы базалық білімді меңгеруді әр оқушы мен студенттің оқу процесінің міндетті бөлігі болады. Төрағаның айтуынша, қаржылық сауаттылық экономи- калық дефолтқа ұшырамауға кепіл. Қазір

несие қарыздары тақырыптары толық зерттеліп бітті. Сондықтан нақты қадамдар айқын. Енді көпшілікке ұғынықты бірінғай механизм жүзеге асырылады. Жасанды интеллект базасы негізінде «борышкер терезесі» құрылады. Онда борышкерлерге жазылатын айыппұлдар мен үстемақысын есептен шығару тетіктері енгізіледі. Десе де, бұл – ұзақ уақыт талап ететін бастама. Бәрібір аяқсыз қалмайды. Себебі партия қарызданып қалған азаматтар үшін қабылданып жатқан шаралар қолжетімді болады. Қажетті рәсімдерді бастау үшін талап етілетін кешіктіру мерзімі қысқар- тылмақ. Яғни, әрбір отбасының нақты кірісі ескеріліп, төлем кестесін қалпына келтіру жоспары икемді етілмекші. Ал әлеуметтік жағынан осал санатқа жататын жандарға жалған банкроттық үшін жауап- кершілікті күшейту көзделеді. Жалпы айтқанда, банкроттық туралы заңды одан әрі жетілдіру жоспарланған. Бұл тұста несие жаппай кешіріледі деп түсінбеу керек. Ең дұрысы, алған қарызды уақыттылы төлеп тұру. Қоғамда борышкерлер арасында алған несиесі нәпақа табуға мотивация болып, көп жұмыс істеп жүргендер жоқ емес. Олар да тұрмыстық қажеттіліктерге несие алуды тоқтатып, бизнес бастауға немесе үй мен көлік алуға бетбұрыс жасаса аякқа тұруына септігі тиеді.

«АМАНАТ» партиясының тағы бір жемісті бастамасы — «Ауыл аманаты» жо- басы. 2,5 пайызбен несие беріп, ауыл тұрғындарының өз кәсібін бастап, тұрмысын тіктеуіне септігі тиді. Президент Қасым- Жомарт Тоқаев ауыл әкімдерімен өткен жиналда: «Ауыл аманаты» жобасы өз кәсібін дамытқысы келетін ауыл тұрғындарына мол мүмкіндік беруде. Жоба аясында екі жылдың ішінде 20 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. 2029 жылға дейін осы бағдарлама- ға 600 миллиард теңгеге жуық қаражат бөлінеді», — деді.

Бұл жаңалық ауыл тұрғындарының үмітін оятып, қуантып тастады. Халыққа арзан пайызды несие керек. Ізегдегі Қытай 1 пайыздық несие таратып, азаматтарының бизнеспен айналысуына жағдай жасап, қазір бәрі инвестор болатын дәрежеге жеткен. Еліміз үшін 20-38 пайыздық несиеге қарағанда 2,5 пайыздық несие қолжетімді болса, нұр үстіне нұр болар еді. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындауда партия тарапынан бұдан да басқа игілікті істер көптеп атқарылууда. Отбасылардың өмір сүру саптын қарызсыз қалыптастырып, мол табысты кәсіпті болуында «Қарызсыз қоғам» және «Ауыл аманаты» қайырлы жобалар болып тұр.

Қайрат БАЛАБИЕВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты,
«АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі

ЖАҢА СТАНДАРТ, ЖАҢА МҮМКІНДІК

Қазір Астанада іші де, сырты да жайлы, заманауи талаптарға сай, соңғы үлгіде жабдықталған мек- тептерді жиі кездестіруге болады. Бұл – Президент бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Келе- шек мектептері» ұлттық жобасы- ның жемісі. Халық та бұрынғыдай баласын алыстағы мектепке тасы- май, «ең жақын мектеп, ең жайлы мектеп» деп келешек мектеп- тердің игілігін көруде. Тіпті, ұлттық жоба аясында салынған мектеп- тердің деңгейі мен сапасы жеке- меншік мектептермен бірдей.

А Көктем ҚАРҚЫН

ҰРПАК КЕЛЕШЕГІНІҢ КЕПІЛІ
2022 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев орта білім беру жүйесін түбегейлі жаңғырту мақсатында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске қосуды тапсырды. Тәуелсіздік жылдарынан бері кешенді жанарудан өтпеген мектеп инфрақұрылымы, үш ауысымда оқыту мәселесі, сондай-ақ қала мен ауыл балалары арасындағы білім сапасындағы алшақтық бұл шешімнің өзектілігін айқындады. Аталған ұлттық жоба елді мекендер арасындағы тенсіздікті азайтып, барлық өңірлерде бірдей сапалы білім алуға мүмкіндік беретін жаңа форматтағы мектептер желісін құруға бағытталған. «Жайлы мектеп» атауынан «Келешек мектептері» болып өзгерген жоба балаларға қазіргі заман талабына сай жағдайда тегін, сапалы білім беруді мақсат етеді. Бұл бастама мектептің материалды-техникалық базасын жақсартып қана қоймай, балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілетін ұштайтын кеңістік қалыптастыруды көздейді. Аталған жоба аясында салынған мектептер бұрынғы типтік мектептерден едәуір ерекшеленеді. Олардың жалпы аумағы 15–20%-ға үлкен, ал техникалық жабдыкталу деңгейі төрт есе жоғары. Әр мектепте робототехника кабинеттері, STEM-



зертханалар, хореография залдары, коворкинг аймақтары мен төрт спорт залға дейін қарастырылған.

Ұлттық жоба аясында барлығы 460 мың оқушы орнына арналған 217 мектеп салу жоспарланған.

ҮШ АУЫСЫММЕН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛДІ
«Келешек мектеп» ұлттық жобасы елордадағы білім беру саласын дамытуда маңызды рөл атқарып отыр. Жоба аясында Астана қаласында 2024–2025 жылдары екі ауысымда оқытуға арналған, жалпы сыйымдылығы 84 800 оқушы орнын құрайтын 23 мектептің құрылысы аяқталды. Ал 2024 жылы екі ауысымда 56 800 оқушыны қамтитын 16 заманауи жайлы мектеп пайдалануға берілді. Нәтижесінде, қаладағы 6 мектепте үш ауысыммен оқыту мәселесі толық шешіліп, 9 білім беру ұйымындағы оқушы тығыздығы едәуір азайды. Қазіргі уақытта аталған мектептердің барлығында оқу үдерісі қалыпты режимде жүргізілуде. Ал 2025 жылы екі ауысымда 28 000 оқушы орнын қамтамасыз ететін тағы 7 мектеп қолданысқа беріледі. Соның арқасында 2 мектептегі үш ауысымды оқыту толығымен жойылып, 7 мектептегі оқушы тығыздығы төмендейді.

Мектептерді салу барысында білім беру сапасын арттыруға бағытталған заманауи талаптарға ерекше назар аударылуда. Оқу ғимараттары жаңа форматтағы пәндік кабинеттермен жабдықталып, аумақтары абаттандырылуда. Сонымен қатар балалар ойын алаңдары мен футбол алаңдары салынууда, көлік қатынасына қолайлы кірме жолдар қарастырылған. Салынған және салынып жатқан мек- тептердің басым бөлігі халық саны қарқынды өсіп жатқан Есіл және Нұра аудандарында орналасқан. Бұл жаңа тұрғын үй кешендерінде тұратын балаларды білім беру ұйымдарымен уақтылы қамтуға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, «Келешек мектеп» ұлттық жобасы елордадағы білім беру инфрақұры- лымын жүйелі түрде жаңғыртып, оқушылар үшін қолайлы, қауіпсіз әрі сапалы білім алу ортасын қалыптастыруға бағытталған. Жоба нәтижесінде Астана қаласында үш ауысыммен оқыту мәселесі кезен-кезеңімен шешіліп, заманауи мектептер саны артып келеді.

ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРҒА САЙ ЖАБДЫҚТАЛҒАН
Алматы ауданындағы №114 жалпы орта білім беретін мектеп қыркүйек айының басында ашылды. Жаңа мектептің ашылуы аудандағы мектептердегі орын тапшылығы

мәселесін шешуге айтарлықтай әсер еткен. Мектеп директоры Ұлбала Тойлыбаеваның айтуынша, келешек мектебі тек білім беретін орын емес, оқушыны ойлауға, зерттеуге, жаңалық ашуға, дамуға бағыттайтын интеллектуалды орта. Мұндағы әр кабинет оқу процесінің бір бөлігі ғана емес, оқушының тұлғалық, академиялық және цифрлық дағдыларын дамытатын көпфункционалды кеңістік. Пәндік кабинеттер толықтай заманауи үлгіде интерактивті тақта, электронды оқулықтар, графикалық планшеттер, цифрлық есептеу құралдары, геометриялық модельдер, STEM элементтері, шахмат және тоғыз құмалақ ойындарымен жабдықталған. — Келешек мектебінің ашылуы нақты екі мектептің орын тапшылығы проблемасын шешті. Ол үш ауысымда білім алатын С. Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейі және оқушы тығыздығы жоғары №32 мектеп- гимназиясы. Аталған екі мектептен 1500 жуық бала ауысты. Осылайша, үш ауысымды және қыздарға арналған шеберханаларда тігін машиналары, лазерлік станоктар орнатылған. Үй мәдениеті зертханасы, графика кабинеттері оқушыларды шығармашылық шырдауда таптармас ортаға айналды. Инкпозияны қолдау орталығындағы сенсор бөлмесі ерекше қажеттілігі бар бала үшін тыныштық пен даму ортасын құруда, — дейді №114 жалпы орта білім беретін мектеп директоры. Айта кету керек, мектепте баланың фи- зиологиялық дамуы үшін соңғы үлгідегі құ- ралдар мен спорт инвентарлармен жабдықталған екі үлкен, екі кіші спорт зал бар. Одан бөлек, баланың бос уақытын ұйымдастыруға болатын, демалысын сапалы ететін рекреациялар мен коворкинг зоналар тағы бар. 50 орындық кітапхана мультимедиялық құралдармен қамтамасыз етілген. Ынғайлы кітап оқитын аумақтармен жабдықталған. Кітапты алып оқу Face ID арқылы жүзеге асады. — Мектепте спорт бағытында тегін футбол, баскетбол, асық ату, теннис, волейбол, то-

ғызқұмалақ, бес тас, гандбол секциялары, оның ішінде гандбол, дзюдо секциялары Оқу-ағарту министрлігі мен Ұлттық- практикалық дене тәрбиесі орталығымен бірлесіп өтуде. Шығармашылық бағыттағы хор, дәстүрлі ән, театр, қол өнер, әдеби өнер, стиль мен эстетика үйірмелері оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруда. №114 метепке мұғалімдер конкурстық негізде жұмысқа қабылданды. Мектепте педагог-нәшбер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор санатындағы ұстаздар қызмет етеді. Бүгінде ұстаздардың сапалық құрамы 45 пайызды құрайды. Бұл – сапалы білім мен тәрбие беруде өте жоғары көрсеткіш, — деп атап өтті Ұлбала Тойлыбаева. Келешек мектептердің салынуы еліміздің білім беру саласына тың серпін беріп, оң өзгерістерге жол ашты. Заманауи талаптарға сай жабдықталған, қауіпсіз әрі жайлы білім ордалары оқушылардың жан-жақты дамуына, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға және сапалы білім алуына кен мүмкіндік туғызуда. Мұндай мектептерде білім алатын балалар жаңа технологияларды еркін меңгеріп, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасады деген үлкен үміт бар. Озық инфрақұрылым мен қолайлы оқу ортасы шокірттердің оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып, мұғалімдерге де өз әлеуетін толық жүзеге асыруға жағдай жасайды. Сондықтан келешек мектептерде тәрбиеленіп жатқан жас ұрпақ елдің интел- лектуалдық әлеуетін күшейтіп, Қазақстанның жарқын болашағын қалыптастыратын басты күшке айналады деп сенеміз.

ДАМУ

18 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

Жақында «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – Дөң тау-кен байыту комбинаты үздік кәсіпорын атанды. Бұл кәсіпорын еліміздің өндіру және өңдеу өнеркәсібінде ілкімді жобаларды іске қосып, ел экономикасының қарышты дамуын жеделдетуге атсалысып келеді. Сонымен қатар кәсіпорын бүгінде алдыңғы қатарлы ірі жұмыс беруші саналады және мұнда еңбек адамын қолдаудың жарқын үлгісі қалыптасқан. Біз Дөң тау-кен байыту комбинатында еңбек жолын сорғы қондырғыларының машинисінен бастап, бүгінде комбинат директоры қызметіне дейін өндіріс мектебінен өткен Бауржан Утемисовпен сұхбаттасқан едік.

— Дөң тау-кен байыту комбинатының табалдырығын тұңғыш аттаған күніңіз есіңізде ме? Алғашқы жұмыс күніңіз қалай басталған еді?

— Мен — Хромтауға жақын орналасқан Дөң ауылының тумасымын. Мектеп кезінде біз көбіне Дөң тау-кен байыту комбинатының жұмыс автобусымен үйге қайтатынбыз. Автобуска №1 ұсатып-байыту фабрикасының жанынан мінуші едік, ал ашық тұрған қақыпаның артынан естілетін фабриканың үні мені үнемі таңғалдыратын. Ес білгеннен тынымсыз еңбектің тынысын сезіп өстім. Ата-анам геологиялық барлау саласында еңбек етті. Олардың жұмыс орындарында болдым, үлкендердің еңбектегі жауапкершілік, адамның өзінің және өзгенің алдындағы айнымас міндеті туралы әңгімесін тыңдайтынмын. Өндіріс бағласы қалай жұмыс істейтіні мен үшін өте қызық әрі таңсық еді. 8-сыныпты аяқтаған соң аудандық газеттен Рудный индустриалдық техникумында түрлі мамандыққа қабылдау жүріп жатқанын көрдім. Соның ішінде, «пайдалы қазбаларды байыту» мамандығы да бар екен. Аттестаттағы бағаларым жақсы болғандықтан, мені техникумға емтихансыз қабылдады. Техникумды бітірген соң әскерде болдым, одан соң Қазақ политехникалық институтында оқып, 1992 жылы фабрикаға жұмысқа келдім. Оқып жүргенде тәжірибеден өтіп, өндіріс жұмысына етене жақын болғандықтан шығар, фабрика мен үшін бөтен емес еді. Дегенмен бірінші жұмыс күнім ерекше есімде қалды. Себебі дәл сол күні өзімді осы өндірістің толыққанды маманы, инженер ретінде сезіндім, тынысым ашылғандай болды. Бұл — мен үшін үлкен мақтаныш болатын.

— Бала Бауржан қандай еді? Өндірістегі өмір жолыңыз өзіңізді қай жағынан өзгертті?

— Расымен, ойландыратын сұрақ. Арада көп жылдар өтті, уақыт қаппарында талай оқиғалар қалды. Еңбекте жүріп талай жетістікке жеттік, кейде кәсіпкерден сабақ алдық. Қазір артқа қарасам, ең үлкен айырмашылық — жиналған өмірлік тәжірибе екен. Бұл, әрине, бәрімізде солай шығар деп ойлаймын.

— Еңбек майданында 40 жыл аз уақыт емес. Сізді осынышама жыл бойы бір ұжымда, өндірісте ұстап тұрған не деп ойлайсыз?

— Бала арман, өзімнің құштарлықпен тандаған мамандығым, бүгінде жүрегіме ең жақын іске айналды. Мамандық тандауда қателеспегенімнің айғағы. Мені ұстап тұрған да өз жұмысыма деген махаббат, мамандығым деген адалдық. Осынышама жылдан кейін де өзім болғым келетін жерде, өзім жақсы көретін жұмыспен айналысып жүргенімді қуана айта аламын.

— Өндірістегі өмір мектебінің алғашқы баспалдағында кездескен, есте қалған қиын сәттер болды ма? Жүрегіңізде ерекше із қалдырған қандай оқиғаны ерекше айта аласыз?

— Әр кезеңнің өзіне тән қызығы болады. Жұмыста, өмірімнің шамамен 70%-ын өткізетін ортада, басымыздан түрлі жағдай өтті. Біз ұжым болып, «жұдырықтай жұмыла» талай батыл шешім қабылдадық. Әр әріптесім — өз алдына бір тұлға. Мен сіздерге қиындық туралы емес, идея мен құлшыныс туралы бір мысал келтіргім келеді. Бір кезеңде Дөң тау-кен байыту комбинатында зауыттарды қамтамасыз ету үшін ірі бөлшекті концентрат тапшылығы орын алды. Сол кезде біз әріптестермен бірге менің инициативамға жетекшім, профессор Илья Райвичтің технологиясы бойынша «Ожний» карьерінің беткейінде 10–160 мм көлеміндегі ірі бөлшекті концентрат өндіретін шөкіртгіш кешен салуды ұсындық. Бұл кешенді біз ешқандай мердігерсіз, тек цех қызметкерлерінің өз күшімен, қарапайым слесарьлер мен фабрика жұмысшыларының қолымен, бар мүмкіндікті пайдалана отырып жинадық. Тәжірибе болмаған технологияны іске қос-



ӨНДІРІСТЕГІ ӨМІР МЕКТЕБІ

тық. Әрине, «жұмыс істемейді» деп күмәнданғандар болды. Бірақ шөкіртгіш машина маусымдық режимде бес жыл жұмыс істеді. Бұл қажырлы еңбек ұжымның және әріптестердің бір-біріне деген сенімінің, ынтымағының жемісі еді.

Сонымен қатар ұсақ кластарды байыту учаскелерінің құрылысы, кейінірек шекемтас өндіретін цехтың ашылуы — бәрі өз алдына бір-бір белес. Ол цех ТМД аумағында болат лентамен жұмыс істейтін алғашқы нысан болды. Ал фабрика әлемдік рекордтар орнатқан уақыт, тіпті ерекше есте қалған, ұмытылмас шақ еді. Жалпы, әр жыл өзінің қызықты, қуанышты сәттерімен ұмытылмайды. Біз үнемі ізденісте болдық, дамыдық, жана жобаларды жүзеге асырдық және нәтижесін көргенде нағыз ләззат алатынбыз.

— Өндіріс адамды қалай өзгерттеді деп ойлайсыз? Ең қиын шешім қабылдаған кезіңіз есіңізде ме?

«Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы — Дөң тау-кен байыту комбинатының директоры Бауржан Утемисов — кен саласында 40 жыл тәжірибесі бар, тау-кен металлургия өндірісінің майталман маманы. Еңбек жолын 1984 жылы дәл осы кәсіпорында №2 ұсатып-байыту фабрикасында сорғы қондырғыларының машинисінен бастады. Кейіннен учаске шебері, басшысы, цехтың бас инженері, фабрика директоры сияқты жауапты лауазымдарды айбырымен атқарды. 2000 жылы №2 кен байыту фабрикасының басшысы болып тағайындалды. Оның бастамасымен Дөң тау-кен байыту комбинатының жана бөлімшелері салынды. Өндірістік үдерістерді онтайландыру, кен байыту фабрикаларында технологиялық және техникалық аудит жүргізу, өндірістік процестерді жақсартуға бағытталған көптеген идеялардың авторы. Ол — тәжірибелі тәлімгер, металлургия саласында талай шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз. Өндірістегі өнегелі еңбегі лайықты бағаланып, бүгінде «Құрмет» ордені мен «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері атанып отыр. Ақтөбе облысы әкімінің Құрмет грамотасымен және «Қазхромның үздік рационализаторы» төсбелгісімен марапатталған.

— Егер адам өзі өзгеруге дайын болса, өндіріс оны міндетті түрде өзгерттеді. Ол байыпты бола бастайды, алдын ала ойлап, жоспар құруды үйренеді, кәсіби және жеке жауапкершілігі артады. Өндіріс — бұл үнемі қозғалыста болатын, тірі үдеріс. Мұнда идеяларға, бастамаларға кең мүмкіндік бар. Өзіңді сынайтын, ерекше ынталандыратын орта бар. Ал мен үшін қиын шешім қабылдаған кезім, ол — белгілі себептерге байланысты уақытша өндірістен шеттеп қалу туралы шешім қабылдауыма тура келген кез. Бұл моральдық тұрғыдан өте ауыр тиді. Өйткені жылдар бойы қалыптасқан өмір ырғағы мен әдеттерім бұзылды. Қайта-қайта жұмысқа бармайтын күннің өзінде таңғы бесте оянып алатынмын. Қазір бәрі жақсы, бірақ ол кезең ондай болған жоқ.

— Сіз, жақсы маман мен жақсы адам арасында айырмашылық бар деп ойлайсыз ба? Болса, ол айырмашылық туралы не айтар едіңіз?

— Қандай жағдай болмасын, алдымен адам болып қалу — ең маңыздысы. Ал байланыс неде десек, егер адамның адамгершілік қасиеттері биік, адал, табанды, ұжыммен жақсы қарым-қатынаста болса, оған жақсы маман болу әлдеқайда жеңіл. Мұндай адам әрқашан сый-құрметке бөленеді. Стивен Ковидің «Жасампаз жандардың 7 дағдысы» және бөлек шыққан «Сегізінші дағды» атты кітаптарын оқуға кеңес беремін. Онда тәуелсіздік, өзара тәуелділік (жұмыста), үздіксіз даму туралы айтылады. Мұндағы жазылған дағдылар адам бойында қалыптасса, кез келген уақытта өз тиімділігін көрсетеді.

— Тау-кен саласында ең маңызды қасиет қандай деп ойлайсыз? Білім, тәжірибе әлде төзім бе?

— Үшеуі де маңызды. Бірақ мен тәжірибе мен білімді ерекше атар едім. Себебі



— Басшылыққа келгенде өз бойыңыздан немесе өз ойыңыздан қандай да бір өзгеріс байқадыңыз ба? Бұрынғы жұмысшы көзімен бағалау қасиеті сақталды ма?

— Егер еңбек жолыңды өндірістің өзінен, жұмысшылар ортасынан бастасаң, кейін қандай жоғары лауазымға көтерілсең де, сол көзқарасты жоғалту қиын. Әсіресе, бойыңда эмпатия болса, мінезін соған жақын болса. Себебі ол — сенің тәжірибең, бастау алған жерің. Біздің компаниядағы көптеген басшылар да дәл солай, бәрі өндірістің ішінен қайнап шыққан, сондықтан үдерістің барлық қыр-сырын жақсы біледі.

— Жас мамандарға ең жиі айтатын кеңесіңіз қандай?



техникалық мамандар үшін бұл — кәсіби негіз. Ал тәжірибе мен білім жинаған адам уақыт өте шынығып, кез келген жағдайға дайын болуды үйренеді. Сол себепті төзім де өзіңінен қалыптасады.

— Комбинат сіз үшін тек жұмыс орны ма, әлде бір мақсатқа жұмылған үлкен тірі ағза іспетті ме? Ал егер ағза болса, оның жүрегі саналатын ұжымның рухын қалай сипаттайсыз, қалай шыңдайсыз?

— Бұл жай ғана жұмыс орны емес екені анық. Дөң тау-кен байыту комбинатының тарихы терең, биыл 87 жыл

толып отыр. Көп адам үшін бұл жер — өмірінің бір тарауы ғана емес, тұтас бір отбасылық мұра. Мұнда бірнеше әулет жұмыс істейді: әкеден балаға мұра, атаның жолын немере жалғап жатады. Осынысымен ерекше. Ал ұжымның басты күші — менің ойымша, бірлік. Өндірісте де, отбасында да, достықта да жақсы нәтижеге жетудің кілті — осы бірлік пен кәсібилік.

— Сіз еңбек жолыңызды өндірістегі жұмысыңдан бастап, бүгінде комбинатты басқарып отырсыз. Жалпы, өндірістегі өсу жолы сізге не үйретті, қандай өмірлік қағидалар қалыптастырды?

— Ең бастысы — өз ісінді шын жүректен сүю. Қандай салада жүрсең де, табысқа жетуді қаласаң, алдымен өзіне талап қоя біл. Ешқашан тоқтама, әрдайым дамуға, өсуге ұмтылу керек.

— Ұжымда қиын сәттер болса, сіз шешімді қалай қабылдайсыз? Қандай қағидаларға сүйенесіз?

— Ең басты қағида — адалдық. Алдымен, өзіне, содан кейін ұжымға адал болу. Адалдық, жауапкершілік, уақытыңда шешім қабылдау — бәрі маңызды. Бірақ асығыстық пен жылдам жұмыс атқару — екі бөлек нәрсе, оны ажырата білу қажет. Жұмыста да, өмірде де дәл осы ұстаныммен шешім қабылдаймын. Сонымен бірге, қиын сәттерде сабыр сақтап, көтеріңкі көңіл күйді жоғалтпау маңызды. Айттып өткенімдей, өмір бірде қара, бірде ақ жолақ. Егер бүгін қиын болса, ертең соны жақсы күнге айналдыру үшін қолдан келгеннің бәрін жасау керек.

— Бүгінде өндіріс саласы экологиялық тұрғыдан жаңарып, «жасыл технологияларға» бет бұрып келеді. Осы үдерісті сіз қалай бағалайсыз?

— Өте жақсы қабылдаймын, толық қолдаймын. ERG «жасыл» экономика ны дамытуға көп күш салып келеді. Дөң тау-кен байыту комбинатында да экологияға бағытталған ауқымды жобалар жүзеге асуда. Қазір жылдар бойы қордаланған қалдықтарды қайта өңдейтін жана фабрика жұмыс істеп тұр. Биыл хромды өндірістік қалдықтардан бөліп алу үшін инновациялық флотация учаскесі іске қосылды. Бұл — экологиялық тұрақты технологияларды дамытудағы маңызды қадам. Мұндай жобалар өндіріс экологиялық дамуына тікелей әсер етеді. Жер босайды, ластану азаяды, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану артады.

— Дөң тау-кен байыту комбинатының болашағын қалай елестетесіз? Сіздің арманыңыздағы өндірістің ертеңгі бейнесі қандай?

— Комбинаттың келешегі кемел болатынына сенемін. «Болашақ» шахтасының дамуы, жана өңдеу технологияларының енгізілуі, автоматтандырудың артуы — бәрі комбинаттың жана деңгейге шығуына мүмкіндік береді. Біз үлкен өзгерістерге қарай жақсы қарқынмен келе жатырмыз. Сондықтан кәсіпорынның болашағы айқын әрі жарқын деп айта аламын. Тұрақты жұмыс істейтін, жоспарлы түрде дамитын, тоқтаусыз, үздіксіз, апатсыз өндіріс болуы керек. Еңбек сапында білікті, тәжірибелі, өз ісін жақсы меңгерген мамандар көп болуы керек. Ал ең маңыздысы — комбинаттың жоғары мәртебесі мен беделі әрқашан сақталуға тиіс.

— Сіз үшін табыс деген не? Бірінші кезекте — бұл отбасы, менің тірегім. Ұлым, екі қызым және сүйікті жұбайым. Екіншісі — жан-тәңімімен жақсы көретін ісіннің болуы және оның нәтижесін көру. Осы екі дүниенің үйлесімі, тепе-теңдігі — мен үшін нағыз табыс. Көп жыл бұрын фабрикаға келу туралы жасаған тандауым үшін ешқашан өкінген емеспін. Бұл — мен үшін жай мамандық емес, өмірімнің үлкен бөлігі, өмір мектебі.



— Өміріңізді бір сөйлеммен түйінде-сек, ол қалай сипатталар еді?

— Мен өмірімнің қызық және басқаша болғанын қаламас едім. Әрбір басқан іздерім, әрбір алға қарай аттаған қадамдарыма қарап, ең нәрсені өзгерткім келмейтінімді түсінуім — жақсы сезім.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

ЖАҢАН САРАП

18 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

Жыл басында Біріккен Ұлттар Ұйымы қаржы жетіспеуіне байланысты Швейцария, Тайланд, Мьянмадағы қызметкерлеріне қысқарту жүргізетінін, Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйым тағы 6 мың адамды жұмыстан шығаратынын жариялаған еді. Желтоқсанның басында әлемдегі ірі басылымдар бұл қысқартулар ендігі басталып кеткенін жазды. Тапшылықтың басты себебі – кей елдердің ұйымға міндетті жарнасын аудармауы болып отыр. Бұл тосын жағдайға не себеп?



Мадияр ТӨЛЕУ

80 жылдық тарихы бар бірлестіктің адамзатқа тигізген пайдасы аз емес: бітімгерлік бастамалары, лидерлерді жөнге салған айбарлы шағы, түрлі қиындықтан қажыған халықтарға көмек бергені есте, әлі де игі ісі мол. Әйтсе де, өткені мен бүгінін салыстыра отырып, болашағын бағамдауды қажет ететін тұстар бар.

ИДЕАЛИСТІКТЕН ТУЫНДАҒАН ТОҚЫРАУ

Жалпы, Біріккен Ұлттар Ұйымының жол тосқан мәселесі тұтастай көрінгенімен, оны бірнеше тармаққа бөліп қарастыруға болады. Ен әуелгісі – қаржылық қиындық. Мысалы, бірлестіктің маңызды бір тармағы саналатын Гуманитарлық көмек үйлестіру жөніндегі БҰҰ басқармасы 2026 жылғы қызметін қамтамасыз ету үшін донор елдерден қазір 33 миллиард доллар сұрап отыр. 2025 жылға 45 млрд доллар сұраған болатын. Алайда елдер тек 12 млрд доллар беріп, кейінгі 10 жылдағы ең төменгі көрсеткіш тіркелді. Жоспардағыдан 3 есе аз. Бұған қарап, келер жылы да қаржыландыру аз болатынын болжай аламыз.

Сарапшылар бұның себебін геосаяси жағдайлармен ұштастырып отыр. Түрлі қақтығысты желеу еткен АҚШ пен Еуропаның ірі мемлекеттері қаржы беруін қысқарта бастады. Дегенмен бір ғана тарапты айыптауға болмайды, мәселенің түп-төркіні көзқарастардың қайшылығынан шығып отырғанын айтушылар кезігеді.

— Кез келген халықаралық ұйымның, кез келген жобаның және жалпы мемлекеттер арасындағы қатынастардың тиімділігін бағалаудың екі түрлі тәсілі бар: идеалистік және реалистік тәсілдер. Идеалистік тәсіл белгілі бір құндылықтарға сүйенсе, ал реалистік тәсіл «кім мықтыға» негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының ішінде ұзақ уақыт бойы идеалистік тәсіл күшейе берді. Бұл тәсілмен қалай болса да жету қажет деп саналатын белгілі бір құндылықтар жарияланады. Ал шын мәнінде әлемді реализм басқарады. Реализм біреуді «жаксы», біреуді «жаман» деп бөлмейді, ол мемлекеттердің өз ұлттық мүдделерін қорғайтынын, тарихи үдерістер аясында әрекет етуге мәжбүр екенін, әр елдің өзіне тән, басқа елдердің мүдделеріне қайшы келуі мүмкін тарихи мүдделер жиынтығы бар екенін негізге алады, — дейді саясаттанушы Ғазиз Әбішев.

Сарапшының пайымына сәлсәк, БҰҰ неғұрлым идеалистік сипат алған сайын, соғұрлым ақ-қараға бөліп ойлауға бейімделген. Мұндай жағдайда ірі мемлекеттердің БҰҰ-ны қолдауға деген ынтасы төмендейді. Қазір көріп отырмыз, ұйым бюджетінің тапшылығы Ванауату немесе Уругвай сияқты елдердің жарнаны төлемейтінін емес, керісінше ірі державалардың өз үлесін толық өтемеуінен туындап отыр.

Ұйымның ендігі амалы — үнемдеуге көшу. Қазір бірлестік гуманитарлық қызметтің құрылымын қайта қарап жатыр. Яғни, көмекке мұқтаж кей аймақ тізімнен сызылуы мүмкін. Ал қазір әлемде қақтығыс, індет пен табиғи апаттардан зардап шегіп жатқан адамдардың саны 135 миллионға жетіп отыр. Гуманитарлық көмек үйлестіру жөніндегі БҰҰ басқармасының басшысы Том Флетчер осы жайтты ашынып айтқан.

— Қазір бүкіл жерде отбасылардың қиындық көріп жатқанын білемін. Бірақ өткен жылы әлем қорғанысқа, қару-жараққа 2,7 трлн доллар жұмсады. Ал біз сол соманың 1 пайызынан сәт асатынын ғана сұрап отырмыз, — деген ол.

Осы орайда айта кететін бір жайт бар. Қазір дүниежүзілік ұйымға мүше 190 мемлекеттің тек 61-і барлық қаржылық міндеттемесін уақытылы өтеп келеді. Қазақстан алғашқы бестіктен түскен емес: белгіленген 30 күн ішінде қаржылық міндеттемесін соңғы тиынына дейін аударуды дәстүрге айналдырады. Кейбір елдер жарнаны кешіктіргенімен, түбі төлеуге мәжбүр болады. Егер мемлекеттің қарызы екі жылдық жарнасына тең болса, БҰҰ Бас Ассамблеясындағы дауысын айырылады. Кейін Бас Ассамблея арнайы шешім қабылдамайынша, борышкер ел дауысын кері қайтара алмайды. Бұл тұста ең ірі бюджеттік донор саналатын АҚШ ұйымға 2,7 млрд доллар берешек болып отырғанын айта кетейік. Жалпы, қазір БҰҰ-ның тұрақты бюджетіне — 2,4 млрд доллар, бітімгершілік қызметке 2,7 млрд доллар төленбеген жарналар бар. Саясаттанушы Ғазиз Әбішев бұған қоса мұнда мемлекеттерге экономикалық қысымның да бар екенін түсіну қажет екенін жеткізді. Оның айтуынша, қазір көптеген

ел қарыз жүгінің астында отыр. АҚШ-тың борышы ондаған трлн доллар, Ресейде де, Қытайда да экономикалық қиындықтар бар. Еуропада да жағдай бірқалыпты емес. Германия әлеуметтік міндеттемелердің шамадан тыс ауыр екенін ашық мойындап отыр. Ұлыбритания билігі сайлау алдында салықты көтермеймін деп уәде бергеніне қарамастан, енді салықты арттыруға жакындап келеді.

— Мұндай жағдайда мемлекеттер өз қаражатына әлдеқайда мұқият қарай бастайды. Бұған қоса, сыртқы саясаттың прагматизациясы байқалып отыр. Қазір халықаралық қауіпсіздік жүйесінің «тақталары» қозғалды, ал әрбір ірі мемлекет өз ұлттық мүдделерін мүмкіндігінше қорғауға ұмтылуда, — дейді сарапшы Әбішев.

Алайда бұл бүгін ғана емес, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан жүйелік теңсіздіктердің салдары. Әлемдегі гуманитарлық дағдарыстар көлемі үнемі ұлғайып келеді. Саясаттанушы Бөріхан Нұрмұхамедовтің сөзінше, кейбір мемлекеттердің қаражатты уақытында аудармауының негізгі себебі экономикалық қиындықтардан гөрі жаһандық институттарға көзқарастың өзгеруінен болып отыр.

— Қаржы бөлу немесе оны кешіктіру қазір саяси сигналға айналды. Елдер осы арқылы ұйымның бюрократиялық баяулығына, жұмысындағы басымдықтарға немесе ірі державалардың ықпалына наразылығын білдіреді. Демек, бұл жағдайды ұйымға деген құрметтің төмендеуі деп біржақты түсіндіру дұрыс емес. Кейінгі жылдары донорлар көмекті тікелей екіжақты арналар арқылы беру тәсілін жиі қолдана бастады. Дәстүрлі дипломатиялық алаңдарда қайшылықтар көп болған сайын бюджет мәселесі сол келіспеушіліктің алғашқы белгісіне айналады. Яғни, БҰҰ қазір әлемдік текетірістердің өзіне тән салмағын көтеріп отыр. Дегенмен бұл үрдістерді көпжақтылықтан бас тарту деп қабылдау ағаттық. Керісінше, мемлекеттер халықаралық құрылымдардан тиімділік, ашықтық, жеделдік және жауапкершіліктің әділ бөлінуін талап етіп отыр. Қаржылық

орғанға жүктелген. Кейінгі жылдардағы ірі халықаралық қақтығыстар Қауіпсіздік Кеңесінің бұл міндетті атқара алмай отырғанын көрсетті. Бұл XX ғасырдың басында құрылған Ұлттар Лигасының тағдырын еске түсіреді. БҰҰ құрылған кезде кемшіліктер ескерілген сияқты еді. Қауіпсіздік Кеңесіне міндетті шешім қабылдау құқығы, санкция енгізу және күш қолдану тетіктері берілді. Алайда тұрақты бес мүшеге берілген вето құқығы уақыт өте келе бейбітшілікті сақтаудың емес, Қауіпсіздік Кеңесінің жұмысын блоктау, тұсаулау құралына айналды. БҰҰ Жарғысына сәйкес, бір тұрақты мүшенің қарсылығы шешім қабылдауға жеткілікті. Қауіпсіздік Кеңесі реформаланбаса, ұйымның функционалдық әлсіздігі тереңдей түседі. Мұндай жағдайда мемлекеттер БҰҰ шеңберінен тыс әрекет етуге көбірек жүгініп, халықаралық құқықтың орнына геосаяси мүдделер үстем бола бастайды, — дейді Халықаралық сарапшы, саясаттанушы Жанат Момынқұлов.

Қарарлардың күші және вето қою дегеннен шығады. Бұнда да ескертін бірнеше дүние бар. Біріншіден, көптеген қарар «сыныс», «ұйымдастыру», «қонырау шалу» сияқты сипатта болған, яғни заңды міндеттемесі жоқ әрі орындауға мәжбүр-

керісінше, ядролық державаларды тікелей қақтығыстан сақтап қалу үшін енгізілген «тежегіш» санайды. Бұл механизм шешім қабылдауды баяулатуы мүмкін, бірақ жаһандық тұрақтылық үшін маңызды рөл атқарады екен.

— Бірақ бұл реформа қажет емес деп ойламаған жөн. Қазіргі көпполярлы әлемде Қауіпсіздік Кеңесінің құрамы да, оның жұмыс тәсілдері де жана шындыққа сай келмей отыр. Кейбір аймақтарда жана көшбасшылар пайда болды, қауіпсіздік түсінігі кеңейді, ал 1945 жылғы құрылым қазіргі геосаяси тепе-теңдікті толық бейнелей алмайды. Сондықтан ұйымның легитимдігі мен тиімділігін күшейту үшін өкілдікті кеңейту, аймақтық ұйымдардың ықпалын арттыру секілді қадамдар қажет, — дейді саясаттанушы.

БАЛАМАСЫ ЖОҚ ИГІ БАСТАМАЛАР

Қанша жерден ұйымның кемшіліктері аталғанымен, саяси салмағы азайғанымен, оның гуманитарлық, климаттық және әлеуметтік бағыттағы рөлі бұрынғыдан да артып отыр. Мысалы, АҚШ-тың USAID қызметінің орны ойсырап бос қалды. Ессесіне UNHCR, UNICEF секілді агенттіктер миллиондаған адамға көмек көрсет-



туде. Климат мәселесін де БҰҰ-сыз шешу мүмкін емес. COP саммиттері жаһандық көрсеткіштен жалғыз алаңы болып отыр. COVID-19 пандемиясы кезінде дәл осы БҰҰ мен ДДСҰ халықаралық үйлестірудің негізгі орталығына айналды. Яғни, БҰҰ-ның практикалық қызметін басқалар алмастыра алмайды.

Климат дегеннен шығады, келешектегі қақтығыстар басқа емес, дәл осы табиғи ресурстар үшін болуы мүмкін. Қазақстан тарапы бұл мәселені терең ұғынып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл бір емес, бірнеше жаһандық жиында су тапшылығы мәселесін көтерді, өзіміздегі Аралдың, Каспийдің ахуалын атап, бір елдің емес, түгел аймаққа ортақ мәселе болып отырғанын жеткізді. Өткен аптада ғана Ашхабадта өткен бейбітшілік пен сенім форумында Қазақстан Президенті Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Халықаралық су ұйымын құруды ұсынатынын жеткізді.

— Былтыр адамзат тарихындағы ең ыстық маусым болды. Бұл ретте Орталық Азияда ауа температурасы әлемдегі орташа көрсеткіштен екі есе жоғары екенін айтқан абзал. Алауау мұздықтары тез ери бастады. Бұл миллиондаған халықтың су және азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндірді. Қазақстан Арал қасіретінен сабақ алды. Жоспарлы іс-әрекетіміздің арқасында, соның ішінде халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық нәтижесінде теңіздің солтүстік бөлігін сақтап қалдық. Халықаралық Аралды құтқару қорының төрағасы ретінде еліміз бұл маңызды бағыттағы белсенді жұмысты жалғастырады. Дегенмен Каспий теңізі күннен-күнге тартылып барады. Бұл бір өңірдің ғана проблемасы емес, жаһандық деңгейде дабыл қағатын мәселеге айналды. Сондықтан аймақтағы серіктестерімізді және барша халықаралық қоғамдастықты Каспийдің су қорын сақтау үшін жедел шараларды бірлесе қабылдауға шақырамыз, — деген болатын Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясындағы Жалпы дебатта.

Бұл айтылған мәселе Орталық Азия немесе Таяу Шығысқа ғана тән мәселе емес. Биыл Ираның қалай құрғақшылықты бастан өткеріп жатқанын білеміз, осыдан 10 жыл бұрын Оңтүстік Америкадағы ірі көлдердің бірі саналатын Поопо

толық жойылды. 30 млн адамға тіршілік нәрін беріп келген Африкадағы Чад көлі 1960 жылдан бері 10 есе кішірейді. АҚШ-тағы Колорадо өзені теңізге жетпей қалып жатыр. Бұл мәселелер күрделене берсе, келешекте адам уран немесе мұнайға емес, табиғи тіршілік көзіне зар бола бастайды. Ал бұл тұрғыда БҰҰ біраз игі іс атқарып жатқанын жасыра алмаймыз. Жыл сайын климатқа қатысты есептеулерді, мәселелерді шешу жолдарын мінберлерде қозғайды. Яғни, ұйым белсенді, жұмысын басқа ешбір бірлестік алмастыра алмайды. Өз кезегінде осы қыры Қазақстанға тиімді екенін халықаралық сарапшы Жанат Момынқұлов айтып отыр.

— Қазақстан үшін бұл халықаралық медиациядағы рөлін күшейтуге, су және климат дипломатиясында бастамашы болуға, аймақтық қауіпсіздік архитектура-сында белсенді ойыншыға айналуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар БҰҰ-ның гуманитарлық және даму агенттіктерімен тікелей жұмыс істеу Қазақстанға халықаралық бедел жинауға жол ашпақ, — дейді саясаттанушы.

ҰЙЫМ ҚАЙТА ҰЙЫТА АЛА МА?

Барлық жайтты айта келе, біздің басты мензегеніміз — БҰҰ-ның болашағы еді. Уақытша тоқырау, күдік болғанымен, ұйым келешегін бұлыңғыр деп ешкім сеніммен айта алмайды. Кей салаларда ықпалы сақталып қана қоймай, артып отырғанын көрдік. Дегенмен саяси тұрғыдағы ықпалы әлі де арта қоймауы мүмкін.

— Біріккен Ұлттар Ұйымы толық күйреп кетпейді. Әрине, оның жұмысын қарап, жекелеген институттарын қайта бағалау қажет. Бірақ «реформа керек» деп айтатындардың өздері шын мәнінде оған аса мүдделі емес, әрі ортақ бағыт әзірге қалыптасқан жоқ. Шағын және орта мемлекеттер БҰҰ-ны әділеттілікке қарай өзгерту керек дейді, ал ірі державаларға бұл тиімсіз. Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері үшін де вето құқығындағы монополиядан айырылмайды. Себебі өздеріне халықаралық процестерді бұғаттау мүмкіндігінен айыратын әрі болашақта өздеріне қарсы қосымша қысым тегітіне айналуы ықтимал механизмді қолдан жібергісі келмейді. Ірі державалар өзара жана халықаралық қауіпсіздік архитектурасын және тепе-теңдік жүйесін қалыптастырмайынша, бұл мәселе алға жылжымайды. Ал олар егер келіспіз, бұл жүйе орныкса, бәрі бірден жүйелі түрде жұмыс істей бастайды да, БҰҰ жана сипатқа ие болады, — дейді саясаттанушы Ғазиз Әбішев.

Бұған қарамастан Біріккен Ұлттар Ұйымы әлемдегі көптеген ел үшін легитимділік пен дипломатиялық қорғанның жалғыз көзі болып қала бермек. Себебі ұйым кейбір қақтығыстарға, әділетсіздіктерге қарсы жаһандық деңгейде дабыл қаға алады, кей ірі мемлекеттерді осыған үндей алады.

Ендігі сауал: «халықаралық ұйымдардың әлсіреуі бастауы Қазақстан секілді орта державаларға қалай әсер етуі мүмкін?». Саясаттанушы Бөріхан Нұрмұхамедов оның бір жағынан қауіп, екінші жағынан жана мүмкіндік саналатынын айтады. Себебі жаһандық ережелер бұрынғыдай жұмыс істемей қалса, әлем тұрақсыз және құбылмалы бола бастайды. Бірақ дәл осы жағдайда орта державалар өз сыртқы саясатын бұрынғысынан да еркін жүргізіп, бастамашылық әрекет етуге жол аша алады. Үлкен державаларға немесе жаһандық институттардың шешімдеріне толық тәуелді болу деңгейі төмендейді.

— Көпжақты тетіктер баяулап, тиімділігін жоғалтқан сайын орта державалар қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жана жолдарын іздеуге көшеді. Бұл аймақтық альянстарды нығайтуға, екіжақты қатынастарды тереңдетуге және дипломатиялық құралдарды кеңінен қолдануға алып келеді. Алайда мұндай жағдай қауіпті де арттыра түспек, ірі державалар арасындағы бөсеке-лестік күшейген сайын орта державаларға көрсетілген геосаяси қысым да артуы мүмкін, стратегиялық таңдау бұрынғыдан да күрделене түседі, — дейді сарапшы.

Десе де, жаһандық институттардың әлсіреуі орта державалардың аймақтық деңгейде белсенді рөл атқаруына мүмкіндік беретінін көрсеткен айқын мысалдар бар. Бастамашылық ойыншыға айналып, келіссөздер жүргізуде, интеграциялық жобаларды дамытуда, энергетикалық саясат пен қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты ұйымдастыруда жетекші рөл алғандар кезігеді. Түркия, Сауд Арабиясы, Оңтүстік Корея, Индонезия, Бразилия секілді елдердің кейінгі жылдарда ықпалының артуы — осы үзілістің айқын дәлелі.

— Өз кезегінде бұның жауапкершілігі де болады. Бұрын ғаламдық ұйымдар атқарған гуманитарлық координация, бітімгерлік, миграциялық процестерді басқару сияқты міндеттердің бір бөлігі енді аймақтық күштердің мойнына түседі. Бұл қаржылық ресурстарды, тұрақты дипломатиялық белсенділікті және институционалдық дайындықты талап етеді. Егер орта державалар мұндай жүкті көтеруге дайын болмаса, аймақтық тұрақсыздық тереңдеуі әбден мүмкін. Ұзақмерзімді перспективада халықаралық ұйымдардың әлсіреуі орта державалардың экономикалық дербестігін арттыруға, технологиялық жаңғыруға ынталандырады. Егер бұл үрдіс жүзегі түрде жалғасса, жана көпполярлы жүйе тіректерінің біріне айнала алады. Бірақ бұл үшін кеңейген мүмкіндіктерді ғана емес, күшейген қысымды да ескеріп, өз мүддесін қорғаудың жаңа стратегияларын қалыптастыру қажет, — деп түйінделі сөзін Б.Нұрмұхамедов.

Сонымен, қазіргі картина, болашақта болуы мүмкін сценарийлер айқындала түсті. Біріккен Ұлттар Ұйымы нақты әлсіреді немесе күшейді деп бағалау қиын, біздің тұжырымдарымыз бойынша, бірлестік жана әлемдік тәртіпке бейімделіп жатқандай көрінеді.

АЙМАҚ

18 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

ТЕҢІЗГЕ ТАМШЫ КЕРЕК...



Қызылорда облысының экология мәселесі сөз болса, алдымен Арал өңірінің ахуалы ойға оралады. Шынында да, бір кездері несібесі артып, берекесі тасыған теңізді аймақ тұрғындарының қазіргі талабы өте өзекті.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Кейінгі кездері Арал теңізіне қатысты халықтың базынасы толастар емес. Күн санап карт Аралдың күйі қашып, атакәсіптен береке кеткеніне ашынып отыр. Теңізде де, аудан аумағындағы ірі-ұсақты көлдерде де балық тапшы. Бұл бірінші кезекте аудан халқының екі қолға бір күрек таппай, жұмыс іздеп, өзге өңірлерге сабылуына мәжбүр етуде.

Ең қиыны, теңізді қалпына келтіруге сарп етілген қыруар қаржының есебі ешкімнен сұралмай-тынына күйініп отыр. Осының салдарынан халықтың әлеуметтік жағдайы күн санап төмендеп, жеңілдіктерден қағылып отырғанын жеткізді.

«Аралдың әлі күнге дейін экологиялық апат аймағы екені бесенеден белгілі. Мұны бәрі де біледі. Дарияның қазірге деңгейі өте аянышты халде тұрғаны көпке мәлім. Соның салдарынан теңізге тамшы тамбай, жағдай бұрынғыдан да мүшкіл тартып барады. Соған байланысты халықты толғандырған тағы бір мәселе бар. Атап айтқанда, Арал өңіріндегі экологиялық апаттан зардап шеккен халықты әлеуметтік қорғау мақсатында 1992 жылғы 30 маусымдағы №1468-ХІІ «Арал өңіріндегі экологиялық кәсірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» заңға қатысты наразылық туындап тұр. Алғашқы кездері осы заң аясында Аралға көп көмек берілді. Алайда 2000 жылдардан бастап әртүрлі экономикалық дағдарыс жағдайына байланысты көп жеңілдік қысқартылып кетті. Білуімізше, бүгінде тек ауданның бюджет қызметкерлеріне 50 пайыз жеңілдік сақталып тұр. Ал жалпы халықтың үлесіне ештеңе жоқ. Соған сәйкес, арнайы ұсынысымыз бар. Яғни, Президенттің 2009 жылғы №829 Жарлығымен күші жойылған немесе уақытша тоқтатылған заң баптарын қайта қалпына келтіруін талап етеміз. Халықтың қазіргі жағдайы маз емес. Соған сәйкес, елдің әлеуметтік жағдайы бірінші кезекте ескерілуге тиіс», — дейді Арал жанашыры, қоғам белсендісі Айжарық Ералиев.

Теңіздің күйі қаша бастағаны Арал маңындағы алыс-жақын ауылдарға да сезіле бастапты. Оның ішінде ауданға қарасты Каратерен ауылында биыл су тапшылығы айқын сезіліп, төрт түліктерін суару қиындап кетіпті. Ауыл халқының айтуынша, ауылдағы ірілі-ұсақты көлдер тартылып, ұңғыма қазу қажеті сезіліп тұр. Бұл жайында ауыл, аудан әкімдігіне айтылғанымен, қаржы тапшылығын желеу етіп, халықтың талабы орындалмай келеді екен.

Негізінен, Каратерен халқын жол мен су мәселесі мазалап келді. Биыл жол мәселесі шешілетін түрі бар. Ал су мәселесінің түйіні әлі күнге дейін тарқатылар емес. Яғни, қолға ұстаған төрт түлік малымызды суару қиын болып барады.

Нақты айтқанда, былтыр жағдайымыз бұдан көш ілгері еді. Былтыр малымызды суаруға мүмкіндік болды. Биыл жағдай тіпті ушығып, су тапшылығы сезіліп, ұңғыма қазу мәселесі туындап тұр. Көлдер құрғап қалды. Осы мәселені ескеріп, жуырда ғана Ақлак су тоспасын жауып, ірілі-ұсақты көлдерге су жібергендей болған. Бірақ көп ұзамай су тоспасын қайта ашып, қуанышымыз су сепкендей басылып қалды. Бұрындары ауылымызда мал шаруашылығынан гөрі балық шаруашылығы қарқынды дамыған құтты мекен болған еді. Алайда соңғы жылдарда көлдердің күйі кетіп, балық аулау кәсібінен береке қаша бастаған соң төрт түлігін түлетуге ниетті халықтың қарасы қалыңдады. Ең қиыны, балық шаруашылығы қарқынды дамыған өңір ретінде бұған дейін мал суаратын құдықтарға сураныс болған емес. Ал қазіргі жағдайда бір ұңғымаға зар болып отырмыз. Жергілікті әкімдікке осы мәселені талай мәрте жеткізгенбіз. Бірақ қаржы тапшылығын желеу етіп, халықтың талабы ескерусіз қалып келеді. Соған орай ауылымыздан



Бұрындары ауылымызда мал шаруашылығынан гөрі балық шаруашылығы қарқынды дамыған құтты мекен болған еді. Алайда соңғы жылдарда көлдердің күйі кетіп, балық аулау кәсібінен береке қаша бастаған соң төрт түлігін түлетуге ниетті халықтың қарасы қалыңдады.

екі жерден ұңғыма қазып берсе, төрт түлігін түлетіп отырған халықтың күнкөрісіне қолайлы жағдай жасалар еді. Бұған дейін Аралды құтқару қорының сексеуіл егу жобасына сәйкес ауылымыздан скаважина қазылған болатын. Бұл бастама халықтың көптен күткен үмітін оятқан еді. Бірақ бүгінде скаважинаның сыртын қоршап, ауыл халқының пайдалануына тыйым салып қойды. Сондықтан малымызды суаруға жеке ұңғыма қазып берсе деген тілегіміз бар», — деп мұның шақты ауыл тұрғыны Ғарифулла Енгененов.

Арал өңірінің экологиялық мәселесі мұнымен шектелмей тұр. Бирнеше жылдан бері аудан орталығындағы аурухананың кәріз суы төгіліп жатқан аумақ көптің талқысынан түсер емес. Онсыз да экологиялық аймақтың зардабын тартып жүрген тұрғылықты халық «енді ауаны кәріз суымен қолдан ластауға көшіп» деп жергілікті билікке ашынып отыр.

Халықтың пікіріне сәйкес, жайылымнан қайтқан төрт түлігі қала шетіне төгіліп жатқан аурухананың кәріз суын ішіп жүр. Себебі сарқынды су түтілген аумақ қоршалмай, ашық-шашық күйде жатыр. Бұл жайында жергілікті әкімдікке сан мәрте шағымданғанымен, әзірге оң нәтиже болмай тұрғанына наразы.

Тұрғындар тілге тиек етіп отырған кәріз суын төгетін орын Арал қаласынан 5 шақырым жерде орналасқан. Бұл аумақ сарқынды су төгетін орын болып белленгеніне біраз болғанымен, тұрғындар ешқандай талапқа сай келмейтінін айтып отыр. Әсіресе, төрт түліктің кіруіне ешқандай кедергі қойылмауы салдарынан өрістен қайтқан

мал нәжіс төгілген аумақты жиі айналақтап жүреді. Ал қарқынды суды ішкен малдың сүті мен етін тұтынып отырған халық өз денсаулығына аландаулы. Ол аз десеніз, кәріз суына жақын тұратын жамағат күлімсі иістен тұншығып жүргенін алға тартады. Әсіресе, жаз айларында жағдайлары тіпті қиындап кететінін ашына жеткізді. Мәселені Арал ауданы әкімдігінен сұрап көрген едік.

«Аталған мәселеге орай бүгінде Арал қаласы бойынша кәріздің сыртқы желісінің құрылысына арналған жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, қаржысы бөлінді. 2024 жылы басталған құбыр тарту және көру құдықтарын монтаждау жұмыстары толық көлемде орындалды. Бүгінде құрылыс толық аяқталып, нысан биылғы жылдың 25 қыркүйегінде мемлекеттік қабылдаудан өтті. Негізінен, құбыр арқылы жіберілетін сарқынды сулар Арал қаласының батыс бөлігіне бағытталады. Бұрыннан мәселе болып келген Арал аудандық көпбейінді орталық ауруханасының сарқынды сулары да енді сүзгілеу алаңы арқылы қала сыртындағы арнайы төгінді аймаққа бұрылады. Қазір аталған төгінді аймақты қоршау жұмыстары басталып, оны жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда», — деп мәлімдеді бұл жайында Арал аудандық әкімдігінен.

Шымкент соңғы жылдары қарқынды дамыды, бұл өзгеріс қаланың әрбір көшесінен, әрбір нысанынан, тұрғындардың күнделікті өмірінен айқын аңғарылады. Үшінші мегаполис қысқа уақыт ішінде экономикалық әлеуетін нығайтып, инфрақұрылымын жаңғыртып, заманауи урбанистикалық талаптарға сай жаңа деңгейге көтерілді. Өнеркәсіп пен кәсіпкерлікке серпін беріліп, ірі инвестициялық жобалар іске асырылса, тұрғын үй құрылысы мен әлеуметтік нысандардың саны артты.

ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ МЕГАПОЛИС



Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

ҚАЛА ЭКОНОМИКАСЫ АЛҒА ІЛГЕРІЛЕДІ

Биыл он айдың қорытындысы бойынша мегаполис экономикасы 14,8 пайызға өсіп, республика көлемінде алдыңғы қатардан көрінді. Бұл көрсеткішпен Шымкент 114,8 пайыздық өсімге қол жеткізіп, Астанадан кейінгі екінші орынға орнықты. Қаланың қарқынды дамуы туралы Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді. Қала экономикасының әр саласында үлкен ілгерілеу байқалады. Сауда көлемі 24,6 пайызға, байланыс саласы 18,3 пайызға, өнеркәсіп өндірісі 14,7 пайызға, құрылыс жұмыстары 7 пайызға артты. Инвестиция көлемі де 4,7 пайызға ұлғайып, нәтижесінде 982 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл мыңдаған отбасының жаңа баспанға қол жеткізуі, қаланың келбеті мен тұрмыс сапасының жаңаруы деген сөз.

Экономикалық өсімнің негізгі қозғаушы күші өңдеу өнеркәсібі десек, бұл бағыт қала дамуының стратегиялық өзегіне айналып отыр. Өңдеу өнеркәсібінде өндірілген өнім көлемі былтырмен салыстырғанда 16,5 пайызға артты. Соңғы үш жылда өнеркәсіп саласында 150 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылып, 40 жаңа жоба іске қосылды, нәтижесінде 2,5 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылды. Бұл адамдардың еңбекке араласуы, табыс табуы, өмір сапасының жақсаруы. Алдағы межелер бұдан да ауқымды. Қала экономикасын орнықты дамыту үшін алдағы бес жылда 6,6 триллион теңге инвестиция тарту жоспарланған. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, инвестиция өңірлік дамудың басты тірегі. Осы мақсатта Шымкентте инвесторлар үшін қолайлы орта қалыптасып, жүйелі қолдау көрсетілуде. Соңғы үш жылда қала экономикасына 2 триллион теңгеден астам инвестиция тартылып, оның 75 пайызы жеке сектордың үлесіне тиесілі болды. Орташа жылдық өсім 11 пайызды құрады. Бүгінде жалпы құны 4,6 триллион теңгеге құрайтын 221 инвестициялық жобадан тұратын пул жасакталған. Бұл жобалар іске асқанда, қалада 29 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады.

Шымкент тек өсіп келе жатқан қала емес, болашағына нық сеніммен қадам басқан мегаполис. Мұндағы әрбір инвестиция, әрбір жоба тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға, қаланың экономикалық қуатын күшейтуге бағытталған. Қарқын бар, жоспар айқын, мақсат биік. Осы экономикалық өсімнің нақты көрінісі ретінде үшінші мегаполисте ірі инвестициялық жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Соның ішінде Alsera KZ түрік компаниясымен бірлесіп, құны 322 млрд теңгеге құрайтын, 650 гектар аумақты қамтитын еліміздегі ең ірі заманауи жылыжай кешенінің құрылысы 2024 жылы басталып, биыл 98 мың теңгелік алғашқы кезеңі толық аяқталды. Нәтижесінде, 42 гектар жылыжайдан алғашқы өнім жиналып, жоба нақты нәтижесін бере бастады. Сонымен қатар Польшаның

Fabe Agro компаниясымен құны 68 млрд теңге болатын жоғары технологиялы жылыжай кешенін салу үшін 144 гектар жер телімі бөлініп, құрылыс жұмыстары басталды. Бұл жоба жылына 36 мың тонна қызанақ пен қияр өндіруге мүмкіндік беріп, 800-ден астам адамды тұрақты жұмыспен қамтуды көздейді.

ИНДУСТРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ АГРАРЛЫҚ ӘЛЕУЕТ

Индустриялық бағыттағы бастамалар да қарқын алуда. Түркиялық YDA Group компаниясымен 313 млрд теңгеге өндірістік технологиялық материалдар өндіру, ал отандық INTERTRANS компаниясымен 80 млрд теңгеге мұнай өнімдерінен ұнтақталған полипропилен шығаратын зауыт салу жоспарланған. Бұдан бөлек, жуырда Астана қаласында өткен инвестициялық форум аясында қытайлық Shaanxi Construction Engineering компаниясымен 55 млрд теңгеге тұрмыстық қалдықты жағу арқылы 24 МВт электр энергиясын өндіретін зауыт салу жөнінде келісім жасалып, жобаға қоқыс полигоны маңынан 12 гектар жер телімі бөлінді.

Аталған бастаманың барлығы Шымкенттің инвестициялық тартымдылығы артып келе жатқанын, қала экономикасын әртараптандыру мен жаңа жұмыс орындарын құру бағытындағы жүйелі жұмыстың нақты нәтижесін көрсетеді. Осылайша, Шымкентте жүзеге асып жатқан ауқымды инвестициялық жобалар мен білім саласындағы жүйелі жаңғырулар мегаполистің ұзақмерзімді дамуына бергіз қалап отыр. Жылыжай кешендері, өндірістік зауыттар мен «жасыл» энергетика нысандары қала



экономикасын әртараптандырып қана қоймай, мыңдаған тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтып, өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін күшейтуге және экологиялық жауапкершілікті арттыруға бағытталған. Бұл бастамалар Шымкенттің индустриялық әрі аграрлық әлеуетін жаңа деңгейге көтеріп, үшінші мегаполисті инвестиция тартуға қолайлы, заманауи өндіріс орталығына айналдыруда.

Сонымен бірге білім беру саласындағы түбегейлі өзгерістер қаланың адами капиталын дамытуға бағытталған нақты қадамдарға ұласып отыр. Ұшауысымды мектеп мәселесінің түбегейлі шешілуі, жаңа мектептер мен балабақшалардың салынуы, білім нысандарының күрделі жөнделуі өтуі болашақ ұрпақтың сапалы білім алуына жасалған маңызды инвестиция. Ал Президент резиденциясының балаларға арналған сауықтыру лагерін айналуы — әлеуметтік жауапкершіліктің жарқын көрінісі, мемлекет қамқорлығының нақты нәтижесі. Цифрландыру мен жасанды интеллекттің білім саласына енгізу арқылы Шымкент басқарудың жаңа мәдениетін қалыптастыруда. «Айқын» жо-

басы арқылы мектеп қауіпсіздігі күшейіп, оқу процесін тиімді бақылау мүмкіндігі артса, «Әлеуметтік әмиян» мен бірыңғай ваучерлік жүйе бюджет қаржысының мақсатты әрі әділ жұмсалуды қамтамасыз етті. Ал QARQYN жүйесінің іске қосылуы ашықтықты арттырып, жемқорлық төуекелдерін барынша азайтуға бағытталған.

ӘРБІР ТҰРҒЫН ӨЗ ҰСЫНЫСЫН АЙТА АЛАДЫ

Мегаполистің жаңару қарқынды тек экономикалық көрсеткіштермен емес, тұрғындардың күнделікті өмірінде сезілетін нақты өзгерістермен де айқындалып отыр. Соңғы екі жылда Шымкент қаласында көшелер мен жолдарды жарықтандыру жұмыстары бұрын-соңды болмаған ауқымда жүргізіліп, рекордтық нәтижеге қол жеткізілді. Қала басшысының айтуынша, түнгі жарықтандыру тек жайылымдық емес, ең алдымен қауіпсіздіктің кепілі. 2023 жылға дейін мегаполисте жыл сайын орта есеппен 115 көше ғана жарықтандырылып, қамту деңгейі небәрі 30 пайызды құраған. Сол кезеңге дейін барлығы 2 028 көше жарықпен қамтылған еді. Ал соңғы екі жылда бұл бағыттағы жұмыс көлемі 40 есеге ұлғайып, қосымша 4 686 көше жарықтандырылды. Нәтижесінде, жыл соңына дейін қала аумағында түнгі жарықтандыру деңгейі 100 пайызға жетпек. 2024-2025 жылдары атқарылған жұмыстар аясында көшелер бойына 95 223 жарықшам орнатылып, кешенді паспорттау жүргізілді. Бүгінде Шымкенттің жол желісі 3 840 шақырымнан асатын 6 882 көшені қамтиды. Бұл инфрақұрылымды жүйелі дамыту арқылы қала келбетін жаңа сапалық деңгейге көтерудің нақты көрінісі.

Шұғылыммен емес, басқару мәдениетімен де жаңартып келеді. Қала әкімі Ғабит Сыздықбековтің бастамасымен іске қосылған «Шымкентті дамытуға халықтың үлесі» жобасы тұрғындардың пікірін ескеріп, шешім қабылдау процесіне халықты тікелей тартуға бағытталған тын бастама. Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын басшылыққа алған жоба аясында қоғамдық орындар мен қоғамдық көліктер-

ге QR-кодтар орнатылып, әрбір тұрғынға қала дамуына қатысты өз ұсынысын жолдауға мүмкіндік берілді. Осылайша, енді әрбір шымкенттік қала болашағына бейжай қарамай, өз идеясын ашық әрі оңай жеткізе алады. Жүйеге келіп түскен барлық ұсыныс мұқият сараланып, ең өзекті әрі тиімді бастамалар нақты іске асырылатын болады. Бұл әкімдік пен халық арасындағы сенімге негізделген ашық диалогты нығайтып, Шымкентті бірлесе дамытуға бағытталған маңызды қадам.

Осы өзгерістің барлығы Шымкенттің тек өсіп келе жатқан мегаполис емес, тұрғындарының пікірімен санасатын, қауіпсіз әрі жайлы қалаға айналып келе жатқанын айқын көрсетеді. Жалпы алғанда, бүгінгі Шымкент тек қарқынды дамып жатқан қала емес, болашақты ойлайтын, технология мен адам капиталын тең ұстаған мегаполис. Экономика мен әлеуметтік саланы қатар дамытқан бұл жүйелі саясат шаһардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған нақты нәтижелерін беріп отыр.

18 ЖЕЛТОҚСАН 2025 | БЕЙСЕНБІ

■ Қазақ киносында қандай өзгерістер, жетістіктер бар, қазіргі ұрпақ экраннан не тамашалап жүр деп бір ауық ойға шомарыңыз анық. Көрерменнің көңілін күпті еткен қалың сұраққа жүйелі жауап табатын, жас киногерлерге бағыт беретін кинотанушы, сыншы мамандардың да аздығын мойындауға тура келеді. Осы орайда кинотанушы, киносыншы, кино тарихшысы Назира Рахманқызының «Кино және уақыт» кітабының жарыққа шыққанына қуанып, жарияға жар салғың келеді.

А Айсұлу СЪЕЗХАН

«Кино және уақыт» — Н.Рахманқызының қазақ кино өнеріне, кинотану ғылымына қосқан сүбелі үлесі, алтын қазынасы. Кинотанушының бұл еңбегін 2017 жылы жарық көрген «Қазақ киносы: кеше және бүгін» жинағының жалғасы деп санауға болады. Автордың «Қазақ киносы: кеше және бүгін» еңбегінде отандық кино жайында 1994-2016 жылдары жазған зерттеу еңбектері, сыни мақалалары мен сұхбаттары топтастырылған, ал «Кино және уақыт» кітабы 2017 жылдан бүгінге дейінгі қазақ кино өнерінің кезең-кезеңін анық-қанық сөз етеді. Қазақ киногерлерінің еңбек жолы, отандық кино тарихы жөнінде ілім-білім жиғысы келген әр оқырман бұл кітаптан керегін аларына сенімдіміз. Дерек бойынша, қазақ жерінде ең алғашқы киноқұжат 1925 жылы тіркелген. Сол тарихи сәттен бүгінге дейінгі кино тарихын сараптап-саралау — ұзақ уақыт пен терең ізденістің жемісі. Кітап таныстырылымында жазушы, драматург Роза Мұқанова да өнердегі әріптесінің еңбегіне қуә екенін өңгімелеп берді.

— Назира Рахманқызы жастайынан қазақ киносын зерттеді, сонау Мәскеудегі мұрағаттардан бастап, біздің орталық, ұлттық мұрағаттардың шанын жұтып, саусақтары сүйелденгенше сол жерде талай отырды. Кешегі Мәжит Бегалин, Абдулла Қарсақбаев сынды режиссерлердің еңбегін, кино тарихын зерттеді. Қазақ тілінде кино тарихын жазған адам



КИНОСЫНШЫНЫҢ «ҚАЗЫНАСЫ»

әп-сәтте» екенін жеткізеді. Автор өткен ғасырда экранға жол тартқан «Атамекен», «Тұлпардың ізі», «Қилы кезең», «Қайрат» сынды кинотуындыларды негізге ала отырып, заманауи фильмдердегі дәрежелік пен ессіз дарақалықтан сақтануға шақырады. «Отандық кинодағы ауыл бейнесінде» қазақ киносындағы ауыл тақырыбы солғын, тек кеңестік жүйенің көрінісі ретінде ғана көрініс тауып жүргенін, жас режиссерлердің жанаша ізденіске түсуін жеткізеді. Автор өткен ғасырда түсірілген фильмдерді киномұрағаттан қарап зерттегенде, фильмдердің әдеби, режиссерлік сценарийінің бірнеше нұсқасынан бастап, есеп-қисабына дейінгі түрлі құжаттың барын айтады. Өкінішке қарай, бүгінгі кино саласы жайлы деректер жок болып отыр.

Кітапты жарық көре сала қолына алғандардың бірі — драматург, кинорежиссер Ермек Әмірханұлы да еңбектің маңызын айтып, студенттерге оқу құралы ретінде қажет дейді.



дарды тізсек, бес саусақпен де санап айта алмайсың, — дейді драматург.

«Кино және уақыт» кітабы негізгі үш бөлімнен тұрады. «Мақалалар, зерттеулер» атты алғашқы бөлім заманауи қазақ киносы мен көрермен, әдебиет пен кино байланысы, әлеуметтік желінің әсері, қазақ киносының насихатталуы, ұлттық құндылықтар, киноархив, коммерциялық фильмдер, қысқаметрлі фильмдер, сценарий, тіл мәселелері, тарихи тұлғаларға арналған фильмдер жайында сыни мақалалар мен талдауларды қамтиды. Сонымен қатар «Қазақ деректі киносы: уақыт, қоғам, тұлға» тарауында сонау 1925 жылдан бастап бүгінге дейінгі деректі фильм мәселесін баян етеді. Екінші бөлімге Н.Рахманқызының қазақ киносындағы әрқилы мәселелерге қатысты баспасөз бетіне берген сұхбаттары, соңғы бөлімге автордың кинорежиссер, педагог Болат Қалымбетовпен, сценарист Ұларбек Нұрғалыммен жүргізген, еш жерде жарияланбаған сұхбаттары енді.

Автор бұл еңбекте отандық кино өнерінің қазақ болмысы мен құндылығына сай болғанын қалап, жанашырлықпен қарайды. Мысалы, «Парасат пен дарақалық» мақаласында «Өлмейтін шығарманың діңгегі — парасат. Шығарманың өн бойында талант та, ниет те, шеберлік те сезілуі мүмкін, алайда парасат жок жерде алдыңғы үшеуінің арзандап кетуі

— Н.Рахманқызының кітабын ерекше ризалықпен оқып шықтым, себебі кітапта көптеген мәселені сөз еткен. Кино әлемінде қандай жаңа есімдер бар, жастар арасында кімдерге көңіл бөлу керек деген сұраққа жауап іздеген. Кинотану ғылымында мамандар өте аз. Студенттердің білім алуына қажет оқулықтар да жетіспей жатыр. Белгілі бір тақырыпқа жауап берерде, Еуропа мәдениетіндегі тенденцияларды, голливудтық жүйені сөз етеді, қазақ киносы жөнінде хабар аз. Бірде емтихан кезінде студентке шытырман оқиғалы фильмдер жайлы сұрақ түсті, ол Голливудтың детективтерін тоқтаусыз айтып жатыр, қазақ өнерінен нені айтар деп күтіп отырмыз. «Бандыны қуған Хамит» жата ма деп сұрасақ, әрең жауап берді, — дейді Е.Әмірханұлы.

Ермек Әмірханұлы кітап таныстырылымында авторға тілек білдіре отыра, кино мамандарын оқытуға қатысты идеяларын да ұсынды, мәселен студенттердің диплом жұмысын түсіруге қолдаудың жоғы оны қынжылтады. Жоғары оқу орындары дипломдық жұмыстардың сапалы шығуын қолдап, қаржы бөлуге тиіс дейді. Мысалы, шетелде жоғары оқу орындары студенттердің дипломдық жұмыс шығындарына кемінде 300-500 доллар төлейді.

— Қазір студенттер әркімнен қарыз алып, екі ортада қиналып жүр. Осы мәселені жүйелеп,

реттестіру керек. 2013 жылдары Әмір Байғазиннің дипломдық жұмысын көріп, фильм түсірейік дегенбіз. Екі фильм алып келген, бірақ қабылдамай қойдым. Сонда жас режиссер «мен барып, асылып өлемін» деп, бізді шошытқан. «Университетті бітіріп, пәтер жалдап, жағдай жок, қиналып жүрмін» деп мәселесін айтты. Сосын біз шарт жасасып, сценарийін қайта көрейік деп келістік. Келесі келгенде, «Асланның сабақтары» («Уроки гармонии») фильмінің сценарийін көрсетті. Бұл қазақ киносына тың идея алып келген туынды болды. Бұдан кейін қанша жастар түрлі эксперимент жасауға тырысты, бірақ сол қалыптасқан жаңа толқын қайда, не істеп жүр деген сұрақ туады? Бітіруші студенттердің дипломдық жұмысымен танысып жүрмін, қаншама талант бар, алайда кино түсіруге қаржылай қолдау жоқ, — дейді Е.Әмірханұлы.

Е.Әмірханұлы отандық киноны дамытуда көптеген жоба керектігін жеткізді. Сәтті жобалардың біріне айналға «Жаужүрек мың баланы» осы орайда айта кеткен жөн. Бұл фильмнен соң жастар ана тіліне, тарихына қызығып, ұлттық спорт түрлеріне жазыла бастаған, көрерменнен мындаған хат келіп түскен. Демек, бір ғана табысты жобаның өзі қазақ киноиндустриясының деңгейін көтеруге ықпал етеді.

Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының төрағасы Құрманбек Жұмағалиұлы болса, отандық кино индустриясында жақсы жаңалықтардың бар екенін жасырмайды.



Автор бұл еңбекте отандық кино өнерінің қазақ болмысы мен құндылығына сай болғанын қалап, жанашырлықпен қарайды. Мысалы, «Парасат пен дарақалық» мақаласында «Өлмейтін шығарманың діңгегі — парасат. Шығарманың өн бойында талант та, ниет те, шеберлік те сезілуі мүмкін, алайда парасат жоқ жерде алдыңғы үшеуінің арзандап кетуі әп-сәтте» екенін жеткізеді.

— Биыл Ұлттық киноны қолдау орталығы ұйымдастырған байқауға 57 жұмыс келіп түскен, оның 40-қа жуығы — жас режиссерлердің жобасы. Орталықтың сарапшылар кеңесінде Назира Рахманқызы да бар, бүгінге дейін жас шәкірттерінің жұмысын қолдап, қорғап келеді. Жақында Н.Рахманқызының қолдауымен экранға жол тартып, көрермен көңілінен шыққан жобаның бірі «Қайтадан» фильмі екенін айта кету керек. Бұл фильм — тәуелсіздік жылдарында мемлекеттік қаражаттан қолдау тауып, миллиардтан аса табыс түсірген алғашқы жоба, — дейді башы.

Тәуелсіздік жылдары сапалы кинотуындылар, әрине, жоқ демейміз, алайда саланың қарқынды дамуына жүйелі қолдау керек. Н.Рахманқызының зерттеу еңбегі де саладағы жай-күйдің тікелей көрінісі болып отыр...

ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫНА – 15 ЖЫЛ

Жақында Астанада түркі халықтарының тарихын, тілдерін, әдебиеті мен мәдениетін зерттеуге бағытталған халықаралық ғылыми ұйым – Түркі академиясының 15 жылдығына, сондай-ақ ЮНЕСКО бекіткен Дүниежүзі Түркі тілдері күніне арналған салтанатты іс-шара өтті.



Мереітойлық жиын барысында Түркі академиясының соңғы он бес жыл ішінде жариялаған ғылыми еңбектерінің көрмесі ұйымдастырылып, экспозицияда негізгі бірлескен зерттеулер, монографиялар мен ғылыми сериялар ұсынылып, академияның басты ғылыми бағыттары көрсетілді. Басқосуға Парламент депутаттары, Түркі әлемі елдерінің елшілері мен дипломатиялық миссия өкілдері, халықаралық түркі ұйымдарының өкілдері, мемлекеттік органдар мен жетекші университеттердің, кітапханалар мен музейлердің басшылары және көрнекті ғалымдар қатысты.



Түркі академиясының президенті Шаһин Мұстафаев соңғы он бес жыл ішінде Түркі академиясы түркі кеңістігіндегі бірегей ғылыми мекемеге айналып, ғылыми ынтымақтастықты дамытуға, ортақ тарихи-мәдени мұраны зерттеу мен түркі мемлекеттерінің интеллектуалды интеграциясын нығайтуға айрықша үлес қосып келе жатқанына назар аударды.

— Академия жанында тарих, археология, этнография, әдебиет, тіл білімі, терминология, өнер және әлеуметтік-экономикалық бағыттар бойынша іргелі жобалар жүзеге асырылуда. Монғолиядағы Номгон, Қазақстандағы Жанкент қалашығы мен Маңғыстау облысындағы археологиялық қазбалар нәтижесі ғылыми қауымдастыққа кенінен таныстырылды. Былтыр академияның ұйытқы болуымен ортақ түркі әліпбиі қабылданды, сондай-ақ Мемлекет басшыларының тапсырмасымен «Түркі елдерінің тарихы» академиялық монографиясы дайындалуда, — делі академия басшысы.

Шаһин Мұстафаев академияның ғылым мен білім саласындағы интеграцияны дамытуға арналған бастамаларына тоқталып, академиялық алмасу бағдарламалары, Түркі университеттері одағы — TURKUNIB және ORHUN жобасы арқылы ортақ ғылыми және интеллектуалды кеңістік қалыптасып жатқанын атап өтті. Ол сондай-ақ алдағы уақытта академияның ғылыми дипломатияны кеңейту мақсатында түркі мемлекеттері арасындағы мәдени және академиялық ынтымақтастықты нығайту жолында белсенді қызмет атқара беретінін жеткізді.

Ресми қабылдаудың қорытынды бөлімін түркі елдерінің музыкалық дәстүрлерін паш еткен концерттік бағдарлама толықтырды.

Сымбат БЕГІМБАЙ





AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗҰАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4671
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,